

Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 44 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 118 бұйрығын және ҚР Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығын қараңыз.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасы;
- 2) Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 226 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 11, 108-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 30 қаңтардағы
№ 44 қаулысымен
бекітілген

Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасы

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.07 № 1029 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы заңдарына сәйкес әзірленді.

2. Қағида Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, арнаулы мемлекеттік органдарда, құқық қорғау органдарында әскери-дәрігерлік сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

3. Әскери-дәрігерлік сараптама:

1) мыналарды:

шақыру учаскелеріне тіркелетін, әскери қызметке немесе әскери жиындарға шақырылатын азаматтарды;

әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметке, оның ішінде келісімшарт бойынша қызметке кіретін азаматтарды;

әскери қызметті шақыру бойынша немесе келісімшарт бойынша өткеретін әскери қызметшілерді;

арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін; әскери (арнайы) оқу орындарының, арнаулы мемлекеттік органдары оқу орындарының курсанттарын, кадеттер мен тәрбиеленушілерді;

радиоактивтік заттармен, иондандырушы сәулелену көздерімен, зымыран отыны компоненттерімен, электр-магниттік өрістер көздерімен қызметке (жұмысқа) іріктеп алынатын және қызмет өткеріп (жұмыс істеп) жүрген әскери қызметшілерді (Қарулы Күштер қызметшілерін), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін (жұмыскерлерін);

жоғары білім беруден кейінгі бағдарламаларды іске асыратын әскери (арнайы) оқу орындарына; орта техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери (арнайы) оқу орындарына; оқу орындарының әскери факультеттеріне (бұдан әрі – әскери факультеттер); әскери даярлық бойынша қосымша білім беру бағдарламалары бар жалпы орта,

техникалық және кәсіптік, ортаңғыдан кейінгі білім беру ұйымдарына; құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына түсетін азаматтарды;

мемлекеттік авиацияның авиация персоналына;

әскери жиындарға, арнаулы мемлекеттік органдардың жиындарына немесе әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметке шақырылған кезде немесе есепке алу мақсатында запастағы азаматтарды медициналық куәландыру кезінде;

2) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына қызметке кіретін азаматтарға психологиялық-физиологиялық іріктеуді жүзеге асыру кезінде;

3) әскери қызметті (әскери жиындарды) немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметті (жиындарды) өткерген әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдар қызметкерлерінің немесе азаматтардың, мертігуінің, (бұдан әрі – мертігу), ауруының себепті байланыстарын айқындау кезінде;

4) азаматтар әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметтен босатылған кезде олардың денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметке жарамдылық санатын айқындау кезінде;

5) әскери қызметшілердің, әскери міндеттілердің, қызметкерлердің әскери қызмет (әскери жиындар) немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметі кезеңінде не әскери қызметтен (әскери жиындардан) немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы, құқық қорғау органдарындағы әскери қызметтен (жиындардан) босатылғаннан кейін әскери қызметті (әскери жиындарды) немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметті (жиындарды) өткеру кезеңінде мертігуі, ауруы салдарынан қаза табуының (қайтыс болуының) себепті байланысын айқындау кезінде жүргізіледі.

2-тарау. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізудің тәртібі және оны ұйымдастыру

1. Шақыру учаскелеріне тіркелетін, әскери қызметке (әскери жиындарға) шақырылатын азаматтарды медициналық куәландыру

4. Азаматтарды медициналық куәландыру үшін денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары және жергілікті әскери басқару органдары бастықтарының ұсынысы бойынша әкімдіктердің шешімімен облыстарда (республикалық маңызы бар қала және астана) тұрақты әрекет ететін, ал аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда), әскери есепте тұрған

азаматтардың санына байланысты, уақытша (тұрақты) әрекет ететін медициналық комиссиялар құрылады.

5. Комиссия құрамына денсаулық сақтау ұйымдарынан аса білікті, әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша даярлығы бар мынадай дәрігер-мамандар тартылады: хирург, терапевт, невропатолог, психиатр, окулист, оториноларинголог, дерматовенеролог, стоматолог. Қажет жағдайларда медициналық комиссиялардың құрамына басқа да мамандықтардың дәрігерлері тартылады. Орта буындағы медициналық персонал қорғаныс істері жөніндегі департаменттер, басқармалар (бөлімдер) берген тапсырыстарға сәйкес бөлінеді.

6. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркегенге, әскери қызметке шақырғанға дейін қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) сұрау салулары бойынша денсаулық сақтау ұйымдары, өкілетті орган белгілеген тәртіппен, жеті жұмыс күні ішінде мынадай медициналық құжаттарды береді:

1) психоневрологиялық, наркологиялық, туберкулезге қарсы және тері-венерологиялық диспансерлерден (кабинеттерден) – шақыру учаскелеріне тіркелетін, әскери қызметке шақырылатын азаматтардың есепте тұратыны туралы мәліметтерді (анықтамаларды);

2) басқа да денсаулық сақтау ұйымдарынан – созылмалы науқастары бойынша диспансерлік есепте тұру жай-күйі және соңғы он екі ай ішінде жұқпалы және паразитарлық науқастарға шалдыққаны, алдын алу егулері және дәрі-дәрмектерді және басқа да заттарды көтере алмайтыны (артылған сезгіштігі) туралы мәліметтерді, сондай-ақ амбулаторлық науқастың медициналық карталары (№ 025/у үлгісі), жасөспірімнің медициналық картаға қосымша парағы (№ 025-1/у үлгісі), азаматтардың денсаулық жағдайын сипаттайтын медициналық құжаттарды (стационарлық науқастың медициналық карталарынан үзінділерді, рентгенограммаларды, арнайы зерттеулер әдістерінің хаттамаларын және соңғы бес жылдағы басқа да құжаттарды).

Анықтамалар мен үзінділер денсаулық сақтау ұйымдарының мөртаңбасымен және мөрімен расталады.

7. Шақыру учаскелеріне тіркелуге және әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтарды медициналық куәландыруға дейін отыз жұмыс күні ішінде:

1) қанды жалпы талдау;

2) мерезге микропреципитация реакциясы (микрореакция);

3) зәрді жалпы талдау;

4) электрокардиография (бұдан әрі – ЭКГ);

5) кеуде қуысы мүшелерін флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу медициналық куәландыру күніне дейін үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

8. Флюорографиялық (рентгенологиялық), зертханалық және электрокардиографиялық зерттеулердің нәтижелері, бойы мен дене салмағы

туралы, сондай-ақ бұрын алынған барлық алдын алу егулері мен дәрі-дәрмек құралдарын және басқа да заттарды көтере алмаушылығы (артылған сезгіштігі) туралы мәліметтер әскерге шақырылушының есепке алу картасына жазылады.

Флюорограммалар (рентгенограммалар) куәландырылушының жеке ісінде, оның әскери қызмет мерзімі аяқталғанға дейін болады, одан кейін тиісті медициналық ұйымдарға қайтарылады, олар флюорографиялық үлдір түрінде немесе электронды тасымалдауыштарда бір жыл бойы сақталады.

9. Медициналық персоналдың жұмысына басшылық жасайтын дәрігер – медициналық комиссияның төрағасы:

1) медициналық куәландыру басталғанға дейін:

шақыру (жиын) пункті үй-жайларының жай-күйін, Қағидаларға қосымшаға сәйкес дәрігер-мамандардың кабинеттерін медициналық және басқа да мүлікпен жарактандыруды тексереді;

азаматтарды тексеруге (емделуге) жіберу орнын, уақыты мен тәртібін нақтылайды;

дәрігер-мамандарға азаматтарды медициналық куәландыруды ұйымдастыру мен жүргізу туралы нұсқау береді, осы Қағидалардың және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша қорғаныс саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет ету үшін адамдар денсаулық жағдайының сәйкес келуіне қойылатын талаптардың ережелерін, сондай-ақ әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді түсіндіреді;

әскери қызметке тіркеу немесе шақыру жөніндегі комиссияның төрағасы – ауданның (облыстық маңызы бар қала) жергілікті атқарушы органы бастығының орынбасарына (әкіміне) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес азаматтарды медициналық куәландыруға дайындаудағы кемшіліктер туралы баяндайды;

2) медициналық куәландыру кезеңінде:

дәрігер-мамандардың жұмысындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді; дәрігер-мамандар шығарған қорытындылардың сапалы ресімделуін, негізділігін және олардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет ету үшін адамдар денсаулық жағдайының сәйкес келуіне қойылатын талаптарға (бұдан әрі – талаптар) сәйкес келуін тексереді;

медициналық комиссияның құрамына кіретін дәрігерлермен алқа болып азаматтардың әскери қызметке және әскер түрлері мен тектері бойынша арналу көрсеткішіне жарамдылығы санаты туралы медициналық комиссияның қорытындысын шығарады;

күн сайын комиссияның хаттамалары кітабын жүргізудің дұрыстығын тексереді;

бұрын шығарылған қорытындылар бойынша азаматтарды тексеруге (емделуге) уақтылы жіберуді тексереді;

күн сайын қорытынды жасайды, азаматтарды медициналық куәландыру нәтижелерін талдайды және оларды комиссия төрағасына баяндайды;

шақыру учаскелеріне тіркеу, әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландыру мәселелері бойынша азаматтарға түсініктемелер береді;

азаматтарды медициналық куәландыруға байланысты шағымдар мен өтініштерді шешуге қатысады.

10. Медициналық куәландыру жүргізген кезде дәрігер-маман куәландырылушының өзі екеніне көз жеткізуге, медициналық құжаттаманы тексеруге, тексеру жүргізуге және әскерге шақырылушының есепке алу картасына, медициналық картаға қосымша параққа диагнозды (науқастары болмаған кезде – "дені сау" деген жазба жасалады), талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындыны жазуға міндетті.

11. Шақыру учаскелеріне тіркеу кезінде тексеруге (емделуге) мұқтаж деп танылған азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі департаменттер, басқармалар (бөлімдер) екі тізімде ескереді:

1) № 1 тізімде – әскери қызметке уақытша жарамсыздар;

2) № 2 тізімде – әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамдылар.

Көрсетілген тізімдер тіркеу жөніндегі комиссиялардың жұмысы аяқталғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей әскерге шақырылушы бекітілген медициналық ұйымдарға жіберіледі. Медициналық ұйымдардың және жергілікті атқарушы органдардың басшылары азаматтардың уақтылы тексерілуі мен емделуін қамтамасыз етеді.

12. Тексеруге (емделуге) жолдама әскери есепке тіркелуге, әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтарға, оларға тіркеу жөніндегі немесе әскерге шақыру комиссиясының шешімдерін жариялаған кезде беріледі.

13. Дәрігерлер әскерге шақырылушының денсаулық жағдайын түпкілікті айқындай алмаған жағдайларда әскерге шақыру комиссиясы оны емдеу (емдеу-алдын алу) мекемесіне амбулаторлық немесе стационарлық тексеруге жібереді. Жолдамада медициналық ұйымның (әскери-медициналық мекеменің) атауы, болжамды диагнозы және нені нақтылау қажеттігі, медициналық куәландыруға қайтадан келу мерзімі көрсетіледі.

Тексеруге (емделуге) арналған жолдамаға денсаулық жағдайын зерттеу актісі (бұдан әрі – акт), науқастың амбулаторлық медициналық картасы мен денсаулық жағдайын сипаттайтын медициналық құжаттар қоса беріледі.

Тексеру аяқталғаннан кейін акт толтырылады, оған бас дәрігер мен тексеру

жүргізген дәрігер қол қояды және медициналық ұйымның (мекеменің) мөрі басылады.

Акт әскери қызметке жарамдылық санаты туралы түпкілікті шешім шығаратын тіркеу жөніндегі немесе әскерге шақыру комиссиясының қарауына ұсынылады.

14. Медициналық куәландыру жүргізген кезде дәрігер-маман әскерге шақырылушының есепке алу картасына, медициналық картаға қосымша параққа диагнозды (науқастары болмаған кезде – "дені сау" деген жазба жасалады), талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындыны, әскер түрлері мен тектері бойынша арналу көрсеткішін жазады.

15. Тіркеу немесе әскери қызметке шақыру және әскери-оқытылған резерв бағдарламалары бойынша оқуға түсу кезінде әскери қызметке жарамды немесе әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды деп танылған азаматтарға медициналық комиссияның дәрігер-маманы әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындысынан кейін талаптарға сәйкес әскер түрлері мен тектері бойынша арналу көрсеткішін белгілейді.

16. Тіркеу немесе әскери қызметке шақыру кезінде әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған азаматтарға дәрігер-маман әскери қызметке уақытша жарамсыздығы туралы қорытынды шығарады.

Медициналық көрсеткіштер бойынша әскери қызметке уақытша жарамсыздығы туралы қорытынды үш айдан алты айға дейін шығарылады, науқастары жазылмаған жағдайлар кезінде ол қайтадан шығарылады, бірақ уақытша жарамсыздықтың жалпы мерзімі он екі айдан аспауға тиіс, одан кейін қайта медициналық куәландыру жүргізіледі.

Тіркеу жөніндегі комиссияның немесе шақыру комиссиясы жұмысының (әскери қызметке ағымдағы шақыру) соңына дейін азаматтарды тексеру (емдеу) аяқталған жағдайда әскери қызметке уақытша жарамсыздығы туралы қорытынды шығарылмайды және дәрігер-маман тексеру (емдеу) және қайта медициналық куәландыру туралы қорытынды шығарады.

Ұзақ тексеруге (емдеуге) (үш айдан артық) мұқтаж азаматтарға алтыдан он екі айға дейінгі мерзімге әскери қызметке уақытша жарамсыздығы туралы қорытынды шығарылады, одан кейін қайтадан медициналық куәландыру жүргізіледі.

Азаматтардың әскери қызметке уақытша жарамсыздығы мерзімі өткеннен кейін әскери қызметке жарамдылығы (жарамсыздығы) туралы түпкілікті қорытынды шығарылады.

Жиырма жеті жасқа толуы бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылудан босатылған адамдар медициналық куәландыруға (тексерілуге) жатпайды.

17. Егер тіркеу кезінде әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды деп

танылған азаматтар емделуге, ауыз қуысын санациялауға, көздің көруін түзетуге мұқтаж болған жағдайда дәрігер-маманның қорытындысы әскер түрлері мен тектеріне арналу көрсеткішінен кейін: "Емделуге (ауыз қуысын санациялауға, көздің көруін түзетуге) мұқтаж" деген сөздермен толықтырылады және осы санаттағы азаматтар өздері бекітілген медициналық ұйымдарға емделуге бағытталады.

18. Әскери қызметке шектеулі жарамды, әскери қызметке уақытша жарамсыз, әскери қызметке жарамсыз деп танылған, сондай-ақ тексерілуге (емделуге) жіберілген азаматтарға медициналық куәландыру парағы толтырылады.

19. Әскери-есептік мамандық бойынша оқуға жарамдылық талаптарға сәйкес айқындалады және азаматтардың әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындыдан кейін шығарылады.

20. Қорытынды әскерге шақырылушының есепке алу картасына, шақыру комиссиясы хаттамаларының кітабына жазылады.

21. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) шақыру комиссиялары медициналық куәландыруды жүргізгеннен кейін облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) шақыру комиссиясы денсаулық жағдайы бойынша әскерге шақыруға жатпайтын азаматтарды әскери қызметке шақыру жағдайларына жол бермеу мақсатында қадағалау медициналық куәландыру ұйымдастырады. Әскери қызмет өткеру орнына жөнелту алдында әскерге шақырылушыларды ағзада есірткі заттарының болуына тестілеуді және АИТВ-инфекциясына (көрсеткіштер бойынша) зерттеуді жүргізеді.

22. Егер медициналық тексеру нәтижесінде азаматтардың денсаулық жағдайында әскери қызметке шақыруға кедергі келтіретін (әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертетін) ауытқулар анықталса, облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) шақыру комиссиясының дәрігер-маманы медициналық куәландыру парағын ресімдейді және облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) шақыру комиссиясы аудандардың, қалалардың шақыру комиссияларының шешімін жояды және хаттамалары кітабында ресімделетін және азаматтарға жарияланатын өз шешімін шығарады.

23. Әскерге шақырылушының есепке алу картасы, медициналық куәландыру парағы, қорғаныс істері жөніндегі департаменттің мөрімен расталған облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) шақыру комиссиясының хаттамалары кітабынан үзінді шешімі қайта қаралған аудандық (облыстық маңызы бар қала) шақыру комиссиясына жіберіледі.

24. Азаматтарды денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босату негізділігін облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) шақыру комиссиясының медициналық тексеруімен және (немесе) әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған немесе

одан босатылған барлық азаматтардың жеке істерін зерделеу жолымен тексеріледі.

Құжаттарды тексеру нәтижелері бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) шақыру комиссиясы әскерге шақырылушының есепке алу картасына аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының шешімін бекіту туралы немесе азаматты қайта медициналық куәландыруға жіберу туралы белгі жасайды.

Қайта медициналық куәландырылуға сондай-ақ олардың әскери қызметке жарамдылығы (жарамсыздығы) туралы медициналық комиссияның қорытындысымен келіспеген азаматтар жатады.

25. Облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) шақыру комиссиясы қайта медициналық куәландыру жүргізу мерзімі, орны және медициналық куәландырылуға жататын азаматтар туралы төмен тұрған шақыру комиссияларына хабарлайды.

26. Қайта медициналық куәландыруға азамат жеке ісімен және белгіленген диагнозды және шығарылған қорытындыны растайтын медициналық құжаттарымен жіберіледі.

Егер қайта медициналық куәландыру нәтижесінде азаматтың әскери қызметке жарамдылық санаты өзгерсе, дәрігер-маман медициналық куәландыру парағын ресімдейді және облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) шақыру комиссиясы төмен тұрған комиссияның шешімін жояды және хаттамалар кітабында ресімделетін және азаматқа жарияланатын өз шешімін шығарады.

Әскерге шақырылушының есепке алу картасы, медициналық куәландыру парағы, қорғаныс істері жөніндегі департаменттің мөрімен расталған облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) шақыру комиссиясының хаттамалары кітабынан үзінді шешімі қайта қаралған шақыру комиссиясына жіберіледі.

Егер қайта медициналық куәландыру нәтижесінде аудандық (облыстық маңызы бар қала) шақыру комиссиясының шешімі өзгермесе, онда хаттамалар кітабы мен есепке алу картасында оны бекіту туралы қысқаша жазба жасалады, бұл ретте медициналық куәландыру парағы ресімделмейді.

27. Әскери қызметке шақырылған азаматтарды медициналық бақылау сабақтастығын қамтамасыз ету үшін қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) әскери бөлімге дәрігер-мамандардың қорытындылары бар медициналық картаға қосымша парақты (№ 025-1/у үлгі) жолдайды.

28. Аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының қызметін зерделеу облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) шақыру комиссиясының, әскери қызметке шектеулі жарамды; әскери қызметке уақытша жарамсыз; әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтарды медициналық

куәландыру және тексеру деректері бойынша және аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының шешімін растау немесе жою көрсетілген облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) шақыру комиссиясының хаттамалары кітабы бойынша жүзеге асырылады.

29. Әскери қызметшілер әскери қызмет орнына келгеннен кейін медициналық тексеруден өтеді, ал оқу-жаттығу әскери бөлімдеріне келгендер әскери-есептік мамандықтар бойынша оқуға (қызметке) жарамдылығын айқындау үшін штаттық емес әскери-дәрігерлік комиссияларда (бұдан әрі – ӘДК) түпкілікті медициналық куәландырудан өтеді.

Дәрігер-мамандардың қорытындылары медициналық куәландыру картасына, медициналық кітапшаға, ал ӘДК-ның қорытындысы ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабына жазылады.

30. Денсаулық жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылуға жатпайтын әскери қызметшілерді мерзімінен бұрын босату науқастануы туралы куәлікпен ресімделген және штаттық ӘДК бекіткен госпитальдық немесе гарнизондық ӘДК қорытындысы негізінде стационарлық немесе амбулаторлық тексеруден кейін жүргізіледі. Гарнизондық ӘДК-ның амбулаторлық медициналық куәландыруы дене бітімінің нақты кемтарлығы болған кезде жүргізіледі.

31. Штаттық ӘДК гарнизондық (госпитальдық) ӘДК бекіткен сараптамалық қорытындысының көшірмесін бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде әскери қызметшінің әскерге шақыру орны бойынша қорғаныс істері жөніндегі департаменттерге жолдайды.

32. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттер облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен бірлесіп, азаматты денсаулық жағдайы бойынша негізсіз әскери қызметке шақыру себептерін зерделейді және "Негізсіз әскерге шақыру себептерін зерделеу картасының" тиісті бөлімдерін толтырғаннан кейін әскери қызметші әскери қызмет өткерген ведомствоның штаттық ӘДК-на қайтарады.

33. Штаттық ӘДК, қорғаныс істері жөніндегі департаменттер (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) облыстардың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен бірлесіп, азаматтарды денсаулық жағдайы бойынша негізсіз әскери қызметке шақыру жағдайлары мен себептерін есепке алуды жүргізеді және әскери қызметке шақырылатын азаматтарды тексерудің және медициналық куәландырудың сапасын жақсартуға шараларды қабылдайды.

2. Әскери даярлық бойынша қосымша білім беру бағдарламалары бар жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім

беру ұйымдарына, оның ішінде республикалық әскери мектеп-интернаттарға (лицейлерге) оқуға түсетін азаматтарды және тәрбиеленушілерді медициналық куәландыру

34. Әскери даярлық бойынша қосымша білім беру бағдарламалары бар жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарына, соның ішінде республикалық әскери мектеп-интернаттарға (лицейлерге) оқуға түсетін азаматтарды және тәрбиеленушілерді медициналық куәландыру денсаулық жағдайы бойынша оқуға түсуге немесе оқуды жалғастыруға жарамдылығын айқындау мақсатында жүргізіледі.

35. Кандидаттар алдын ала тексеруден және түпкілікті медициналық куәландырудан өтеді.

36. Азаматтарды алдын ала медициналық тексеруді қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) әскерге шақыру комиссиялары жанындағы медициналық комиссияларының дәрігер-мамандары, түпкілікті медициналық куәландыруды – қорғаныс істері жөніндегі департаменттер жанындағы медициналық комиссиялар немесе оқу орындары жанында құрылатын штаттық емес уақытша әрекет ететін медициналық комиссиялар жүргізеді.

Медициналық комиссия құрамы осы Қағиданың 5-тармағында көрсетілген тіркеу жөніндегі комиссия құрамына ұқсас.

37. Медициналық куәландыру басталғанға дейін оқу орындарына түсетін кандидаттарды тіркеу орны бойынша медициналық ұйымдар қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) сұрау салулары бойынша жеті жұмыс күні ішінде мынадай медициналық құжаттарды береді:

1) психоневрологиялық, наркологиялық (ағзада есірткі заттары мен психотропты заттардың бар болуына тестілеу нәтижелерімен), туберкулезге қарсы және тері-венерологиялық диспансерлерден (кабинеттерден) – олардың есепте тұратыны туралы мәліметтерді (анықтамаларды);

2) басқа да медициналық денсаулық сақтау ұйымдарынан – созылмалы науқастары бойынша диспансерлік есепте тұру жай-күйі және соңғы он екі ай ішінде жұқпалы және паразитарлық науқастарға шалдыққаны туралы мәліметтерді, алдын алу егулері туралы және дәрі-дәрмек құралдары мен басқа да заттарды көтере алмайтыны (артылған сезгіштігі) туралы мәліметтерді, сондай-ақ азаматтардың денсаулық жағдайын сипаттайтын медициналық құжаттарды (стационарлық науқастың медициналық карталарынан үзінділерді, рентгенограммаларды, арнайы зерттеулер әдістерінің хаттамаларын).

Анықтамалар мен үзінділер денсаулық сақтау ұйымдарының мөртаңбасымен және мөрімен расталады.

Егер медицина ұйымдарының мәліметтері бойынша адамдарда оқу

орындарына түсуге және әскери қызмет өткеруге кедергі келтіретін созылмалы науқастар немесе дене бітімінің кемістіктері бар болса, олар алдын ала медициналық тексеруге жіберілмейді.

38. Оқуға түсушілерге медициналық куәландыруға дейін отыз жұмыс күні ішінде:

- 1) қанды жалпы талдау;
- 2) мерезге микропреципитация (микрореакция) реакциясы;
- 3) зәрді жалпы талдау;
- 4) тыныштықта электрокардиографиялық зерттеу (жүктемеден кейін – көрсеткіштер бойынша);
- 5) кеуде қуысы мүшелерін флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу медициналық куәландыру күніне дейін үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Медициналық куәландыру процесінде денсаулық жағдайын айқындау үшін көрсеткіштер бойынша қажетті қосымша зертханалық, құралдық зерттеу әдістері жүргізіледі.

39. Жүргізілген зерттеулер нәтижелері, сондай-ақ бұрын қабылданған барлық алдын алу егулері мен дәрі-дәрмек құралдарын және басқа да заттарды көтере алмаушылығы (артылған сезгіштігі) туралы мәліметтер медициналық куәландыру картасына жазылады және қоса беріледі.

40. Диагнозды нақтылау мақсатында оқуға түсуші медициналық ұйымдарға тексерілуге жіберіледі.

Жолдамада медициналық ұйымның (әскери-медициналық мекеменің) атауы, диагнозы, тексеру мақсаты көрсетіледі.

Тексеруге арналған жолдамаға денсаулық жағдайын зерттеу актісі (бұдан әрі – акт), амбулаторлық науқастың медициналық картасы және денсаулық жағдайын сипаттайтын медициналық құжаттар қоса беріледі.

41. Тексеру аяқталғаннан кейін акт толтырылады, оған бас дәрігер мен тексеру жүргізген дәрігер қол қояды және медициналық ұйымның мөрі басылады. Акт оқуға түсуге жарамдылығы туралы шешім шығаратын медициналық комиссияның қарауына ұсынылады.

42. Медициналық куәландыру нәтижесінде штаттық емес уақытша әрекет ететін ӘДК оқуға түсуге жарамдылығы туралы қорытындысын шығарады (бұл ретте ӘДК қорытындысын шығаруға негіз болған талаптардың тармақтарын көрсету қажет).

43. Талаптарда көзделген науқастар кезінде оқуды жалғастыруға жарамдылығын айқындау мақсатында тәрбиеленушілер штаттық емес тұрақты әрекет ететін (гарнизондық және госпитальдық) ӘДК-ға медициналық куәландыруға жіберіледі.

44. Медициналық куәландыру нәтижесінде штаттық емес тұрақты әрекет

ететін ӘДК оқуды жалғастыруға жарамдылығы (жарамсыздығы) туралы қорытындысын шығарады (бұл ретте ӘДК қорытындысын шығаруға негіз болған талаптардың тармақтары көрсетіледі).

Оқуға жарамсыз деп танылған тәрбиеленушілерге, сондай-ақ әскери (арнайы) оқу орындарына түсуге жарамсыз деп танылған бітірушілерге ӘДК қорытындысы анықтама түрінде ресімделеді.

3. Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оның ішінде шет мемлекеттерінің әскери (арнайы) оқу орындарына, оқу орындарының әскери факультеттеріне, жоғарыдан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына түсетін азаматтарды және әскери қызметшілерді, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін медициналық куәландыру

45. Азаматтарды алдын ала медициналық тексеруді әскерге шақыру комиссиялары жанындағы медициналық комиссиялардың дәрігер-мамандары, ал әскери даярлық бойынша қосымша білім беру бағдарламалары бар жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарын бітіріп шыққан әскери қызметшілер мен азаматтарды – штаттық емес тұрақты әрекет ететін (гарнизондық немесе госпитальдық) ӘДК жүргізеді.

Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттерінің арнайы (әскери) оқу орындарының күндізгі оқу нысанына түсетін арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, әскери қызметшілері алдын ала медициналық куәландырылуды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің штаттық емес тұрақты әрекет ететін (гарнизондық немесе госпитальдық) әскери-дәрігерлік комиссияларында (бұдан әрі – ҚР ҰҚК ӘДК) өтеді.

46. Кандидаттарды оқыту үшін түпкілікті медициналық куәландыруды әскери (арнайы) оқу орындарына келуі бойынша штаттық емес тұрақты әрекет ететін (уақытша әрекет ететін) ӘДК әскери арнайы оқу орындарына түсуге жарамдылығын айқындау үшін жүргізеді. Медициналық комиссия құрамы осы Қағиданың 5-тармағына сәйкес айқындалады.

47. Әскери арнайы оқу орнына оқуға түскенге дейін қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) сұрау салулары бойынша медициналық денсаулық сақтау ұйымдары жеті жұмыс күні ішінде осы Қағиданың 37-тармағына сәйкес медициналық құжаттарды ұсынады.

48. Әскери арнайы оқу орындарына оқуға түсушілерді медициналық куәландыруға дейін отыз жұмыс күні ішінде:

- 1) қанды жалпы талдау;

- 2) мерезге микропреципитация (микрореакция) реакциясы;
- 3) зәрді жалпы талдау;
- 4) мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенографиясы;
- 5) тыныштықта электрокардиографиялық зерттеу (жүктемеден кейін – көрсеткіштер бойынша);

6) кеуде қуысы мүшелерін флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу медициналық куәландыру күніне дейін үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі;

- 7) ішек құрты жұмыртқаларына үлкен дәретті зерттеу жүргізіледі.

Медициналық куәландыру процесінде денсаулық жағдайын анықтау үшін көрсеткіштер бойынша қажетті қосымша зертханалық, құралдық зерттеу әдістері жүргізіледі. Қажетті жағдайларда психофизиологиялық куәландыру жүзеге асырылады.

49. Жүргізілген зерттеулер нәтижелері, сондай-ақ бұрын алынған барлық алдын алу егулері мен дәрі-дәрмек құралдарын және басқа да заттарды көтере алмаушылығы (артылған сезгіштігі) туралы мәліметтер әскери арнайы оқу орындарына түсетін кандидаттардың медициналық куәландыру картасына жазылады және қоса беріледі.

50. Диагнозды нақтылау мақсатында кандидат медициналық денсаулық сақтау ұйымдарына тексерілуге жіберіледі. Жолдамада медициналық денсаулық сақтау ұйымының (әскери-медициналық мекеменің) атауы, диагнозы, тексеру мақсаты көрсетіледі.

Тексеруге арналған жолдамаға денсаулық жағдайын зерттеу актісі (бұдан әрі – акт), науқастың амбулаторлық медициналық картасы және денсаулық жағдайын сипаттайтын медициналық құжаттар қоса беріледі.

51. Түпкілікті медициналық куәландыру кезінде әскери арнайы оқу орындарына түсуге жарамсыз деп танылған әскери (арнайы) оқу орындарына түсетін азаматтардың медициналық куәландыру карталары медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей алдын ала медициналық куәландырудың сапасын талдау және жақсарту үшін медициналық куәландыру жүргізген қорғаныс істері жөніндегі департаменттерге және штаттық емес тұрақты әрекет ететін (гарнизондық немесе госпитальдық) ӘДК-ға жолданады.

52. Авиациялық персоналды даярлау бойынша әскери оқу орындарына түскен кезде алдын ала медициналық куәландыруға:

- 1) түсті қалыпты сезінетін және әрбір көзге түзетулерсіз көру өткірлігі 1,0-ден төмен емес;
- 2) сыбырлап сөйлеуді естуі 6/6-дан кем емес;
- 3) артериалдық қан қысымы сынап бағанасымен 130/80-нен жоғары емес және 105/60 мм-нан төмен емес;

4) дене салмағының индексі 18,5-тен төмен емес және дене салмағы 90 кг-нан артық емес;

5) бойы 165 см-ден төмен емес және 186 см-ден артық емес;

6) аяқтың ұзындығы 80 см-ден қысқа емес;

7) қолдың ұзындығы 76 см-ден қысқа емес;

8) отыру қалпында бойы 80 см-ден төмен емес және 93 см-ден артық емес азаматтар жіберіледі.

53. Алдын ала медициналық куәландыруға жіберер алдында қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерде (басқармаларда) немесе әскери бөлімдерде осы талаптарға жауап беретін кандидаттарды оқыту үшін ұшқыштар құрамын даярлау бойынша әскери оқу орнына түсетін азаматтың медициналық куәландыру картасы ресімделеді, міндетті зерттеулерге қосымша мыналар жүргізіледі:

1) кеуде қуысы мүшелерін флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу;

2) мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенографиясы;

3) он екі жалғамалық әдіспен (тыныштықта және дене жүктемесінен кейін) электрокардиография;

4) тыныштық және циклоплегия жағдайларында скиаскопия немесе рефрактометрия көмегімен түсті сезінуін, көру өткірлігін, рефракцияны зерттеу;

5) мұрынмен тыныс алуды, иіс сезуді, құлақтардың бароқызметін, 6/6 м-ден кем емес алшақтықта сыбыр сөзді естуді, вестибулярлық және отолиттік аппараттарды зерттеу.

54. Ұшқыштар құрамын даярлау бойынша әскери оқу орындарына түсетін әскери қызметшілердің медициналық кітапшасы, қызметтік және медициналық мінездемелері зерделенеді.

55. Азаматтар келгеннен кейін екі күнтізбелік күннен ерте емес мерзімде әскери оқу орнының дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясының түпкілікті медициналық куәландыруына жатады.

56. Дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясының дәрігер-мамандарының біреуі ұшуға үйретуге кедергі келтіретін науқасты анықтаған азаматтар қалған дәрігер-мамандардың медициналық тексеруінен өтеді, бірақ арнайы жүктеме сынамаларын орындаудан босатылады.

Ұшуға үйретуге кедергі келтіретін науқасты анықталмаған азаматтарға арнайы зерттеулер: барокамерада биіктік гипоксиясына және барометрлік қысымның төмендеуіне шыдауға сынаулар, вестибулометрия, тоналдық аудиометрия және электроэнцефалография жүргізіледі.

Барокамерада сынауларды және вестибулометрияны бір жұмыс күнінде жүргізуге тыйым салынады.

57. Медициналық куәландыру нәтижелері дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясы отырыстарының хаттамалары кітабында, ұшқыштар құрамын даярлау бойынша

әскери оқу орнына түсетін азаматтың медициналық куәландыру картасына, ал әскери қызметшіге – медициналық кітапшада жазылады.

Ұшуға үйретуге жарамсыз деп танылған адамдарға дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясы отырыстарының хаттамалары кітабында жарамсыздық себебінің толық негіздемесі жазылады.

58. Науқастанудың диагнозын нақтылау үшін азамат медициналық денсаулық сақтау ұйымына (әскери-медициналық мекемеге) амбулаторлық немесе стационарлық тексеруге жіберіледі.

59. Түпкілікті медициналық куәландыру кезінде ұшуға үйретуге жарамсыз деп танылған және әскери оқу орны дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясының қорытындысымен келіспеген азаматтардың бұл шешімді штаттық әскери-дәрігерлік комиссияда қайта қарауға құқығы бар.

60. Егер медициналық ұйымдардың мәліметтері бойынша адамдарда әскери (арнайы) оқу орындарына түсуге кедергі келтіретін созылмалы науқастанулар немесе дене кемістіктері бар болса, олар алдын ала медициналық тексеруге жіберілмейді.

Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша штаттық емес уақытша әрекет ететін ӘДК оқуға түсуге жарамсыздығы туралы қорытындысын шығарады (бұл ретте ӘДК қорытындысын шығаруға негіз болған талаптардың тармақтарын көрсету қажет).

61. Жоғарыдан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери (арнайы) оқу орындарына және әскери факультеттерге түсетін әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін алдын ала медициналық куәландыруға жіберген кезде жыл сайынғы тереңдетілген және бақылау медициналық тексерулердің (офицерлерге кемінде соңғы үш жылдағы) нәтижелері, медициналық көмекке жүгінуі көрсетілген медициналық кітапша беріледі.

62. Офицерлер құрамының медициналық кітапшаларында жыл сайынғы тереңдетілген медициналық тексерулердің соңғы үш жылдағы нәтижелері болмаған кезде, алдын ала медициналық куәландыру кезінде оларды стационарлық тексеруге жіберу, кейіннен госпитальдық ӘДК-да медициналық куәландыру туралы ӘДК қорытындысы шығарылады.

63. Әскери (арнайы) оқу орнына түсуге кедергі келтіретін науқасы анықталған кезде бұдан әрі тексеру тоқтатылады және штаттық емес (тұрақты, уақытша әрекет ететін) ӘДК әскери (арнайы) оқу орнына түсуге жарамсыздығы туралы қорытынды шығарады.

64. Түпкілікті медициналық куәландырудан кейін әскери (арнайы) оқу орындарына түсуге жарамсыз деп танылған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдары қызметкерлерінің медициналық куәландыру карталары

медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей алдын ала медициналық куәландырудың сапасын талдау және жақсарту үшін медициналық құжаттарды жолдаған штаттық емес тұрақты әрекет ететін (гарнизондық немесе госпитальдық) ӘДК-ға жіберіледі.

4. Келісімшарт бойынша әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіретін азаматтарды медициналық куәландыру

65. Қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азаматтың медициналық куәландыру картасын ресімдейді және медициналық денсаулық сақтау ұйымдарынан 37-тармаққа сәйкес медициналық құжаттарды сұратады.

66. Келісімшарт бойынша Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіретін азаматтарды медициналық куәландыруға дейін:

- 1) қанды жалпы талдау;
- 2) мерезге микропреципитация (микрореакция) реакциясы;
- 3) зәрді жалпы талдау;
- 4) тыныштықта электрокардиографиялық зерттеу (жүктемеден кейін – көрсеткіштер бойынша);
- 5) кеуде қуысы мүшелерін флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу медициналық куәландыру күніне дейін үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі;
- 6) мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенограммасы;
- 7) В және С гепатиттерінің маркерлеріне қанды зерттеу;
- 8) АИТВ-инфекциясына қанды зерттеу;
- 9) қырық жастан асқан адамдарға көздің ішкі қысымын өлшеу, қандағы қантты талдау жүргізіледі.

Зерттеулер медициналық куәландыру басталғанға дейін отыз күннен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

Медициналық көрсеткіштер бойынша алдын алу егулері және қажетті медициналық зерттеулер жүргізіледі.

67. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына (арнаулы мемлекеттік органдардың әскери құралымдарынан басқа) келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін азаматтарды алдын ала медициналық тексеруді тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйымдардың дәрігер-мамандары: хирург, терапевт, невропатолог, психиатр, окулист, оториноларинголог, дерматовенеролог, стоматолог, әйелдер

үшін қосымша – гинеколог жүргізеді.

Қажет болған кезде психолог тартылады.

68. Түпкілікті медициналық куәландыруды штаттық емес тұрақты әрекет ететін гарнизондық ӘДК немесе қорғаныс істері жөніндегі департаменттер жанындағы ӘДК, жасы 40-тан жоғары адамдарға штаттық емес тұрақты әрекет ететін госпитальдық ӘДК жүргізеді.

Арнаулы мемлекеттік органдарға әскери қызметке, қызметке кіретіндерді медициналық куәландыруды тұрғылықты жері бойынша ҚР ҰҚК-ның штаттық емес тұрақты әрекет ететін гарнизондық ӘДК-сы жүргізеді.

69. Науқастың диагнозын нақтылау үшін азамат медициналық денсаулық сақтау ұйымына (әскери-медициналық мекемеге) амбулаторлық немесе стационарлық тексеруге жіберіледі.

Бұл ретте штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК "Тексерілуге жатады" деген қорытынды шығарады.

Тексеруге арналған жолдамаға денсаулық жағдайын зерттеу актісі, амбулаторлық науқастың медициналық картасы және азаматтың денсаулық жағдайын сипаттайтын басқа да медициналық құжаттар қоса беріледі.

Куәландырылушыны бір ай ішінде медициналық тексеруді аяқтау мүмкін емес кезінде, сондай-ақ тағайындалған медициналық зерттеулер нәтижелерін мерзімінде ұсынбау жағдайында штаттық емес тұрақты және уақытша әрекет ететін ӘДК "Қорытынды медициналық куәландыруға келмеуіне (қосымша тексерілмеуіне) байланысты шығарылған жоқ" деген қорытынды шығарады.

Азамат тексерілуден бас тартқан кезде штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК "Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамсыз", "Келісімшарт бойынша арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіруге жарамсыз" деген қорытынды шығарады.

70. Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке жарамды немесе талаптарға сәйкес әскер (қызмет) түрлері мен тектеріне байланысты әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды азаматтар келісімшарт бойынша әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіруге жарамды деп танылады.

Мұндай жағдайларда штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-ның әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке жарамдылық санаты туралы қорытындысы "Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамды", "Келісімшарт бойынша арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіруге жарамды" деген сөздермен толықтырылады.

71. Егер Қарулы Күштердің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскер түрлері мен тектерінде әскери қызмет өткеру үшін, әскери-есептік мамандық бойынша оқуға (қызметке), келісімшарт бойынша әскери қызметке

түсуге жарамды деп танылған азаматтарға қатысты медициналық куәландыруға жолдамада климаттық жағдайлары қолайсыз аумақтарда әскери қызмет өткеруге жарамдылығын айқындау көрсетілсе, штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК тиісті қорытынды шығарады.

72. Талаптарға сәйкес әскери қызметке жарамдылық санаты дербес бағалауды көздейтін науқастар кезінде штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК "Әскери қызметке шектеулі жарамды. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамсыз", "Арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке шектеулі жарамды. Келісімшарт бойынша арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіруге жарамсыз" деген әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке жарамдылығы туралы қорытынды шығарады.

73. Медициналық куәландыруда келісімшарт бойынша әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке кіруге кедергі келтіретін жүктілік немесе науқасы анықталған кезде бұдан әрі медициналық куәландыру тоқтатылады және штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК "Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамсыз", "Келісімшарт бойынша арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіруге жарамсыз" деген қорытынды шығарады, бұл ретте әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды шығарылмайды.

Әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке уақытша жарамсыз деп танылған адамдарға қатысты да осындай қорытынды шығарылады.

5. Әскерге шақыру бойынша немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін, әскери (арнайы) оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарын, кадеттерді медициналық куәландыру

74. Медициналық куәландыруға жіберу туралы шешімді:

1) мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге қатысты – әскери бөлімдердің командирлері (мекемелердің бастықтары), гарнизондардың бастықтары, штаттық ӘДК бастықтары (төрағалары), қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің бастықтары, қорғаныс істері жөніндегі департаменттер бастықтарымен келісу бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) бастықтары, әскери сот немесе прокуратура, тергеу органы;

2) әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер құрамының адамдарына қатысты – әскери бөлімдер командирлері (мемлекеттік мекемелердің бастықтары), қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің бастықтары, әскери сот немесе прокуратура, тергеу органы;

3) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың келісімшарт бойынша қызметкерлеріне қатысты – әскери бөлімдер командирлерінің лауазымдарынан бастап, оларға тең және жоғарғы тікелей бастықтар (арнаулы мемлекеттік органдар бөлімшелерінің бірінші бастықтары), әскери сот немесе әскери прокуратура, тергеу органы;

4) әскери (арнайы) оқу орындарының тыңдаушыларына, курсанттарына және кадеттерге қатысты – әскери (арнайы) оқу орындарының бастықтары, әскери сот немесе әскери прокуратура, тергеу органы шығарады.

75. Медициналық куәландыруға жолдаманы тікелей командирдің (бастықтың) шешіміне сілтеме жасай отырып, әскери бөлім командирі (мекеме бастығы) немесе Қарулы Күштердің әскер түрі мен тектері кадр органының бастығы, ал арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – бірінші бастықтың шешімі бойынша кадр бөлімшелерінің бастығы береді.

76. Тексеру немесе емдеу барысында мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерде әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертетін науқастану анықталған жағдайда медициналық куәландыру әскери-медициналық мекеме бастығының жазбаша өкімі бойынша жүргізіледі.

77. Медициналық куәландыруға жіберілетін адамдарға штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-ға мыналар ұсынылады:

- 1) медициналық куәландыруға жолдама;
- 2) медициналық кітапша;
- 3) әскери бөлімнің (мекеменің) мөрімен бекітілген қызметтік және медициналық мінездемелер.

Қызметтік мінездемеде куәландырылушы денсаулық жағдайының атқарып отырған лауазымы бойынша оның әскери қызмет міндеттерін атқаруға әсері туралы мәліметтер және бұдан әрі әскери қызметшіні әскери қызметте, қызметкерді арнаулы мемлекеттік органдарда қызметте пайдаланудың мақсатқа сәйкестігі туралы қолбасшылықтың пікірі сипатталады;

Медициналық мінездемеде денсаулық жағдайын динамикалық қадағалау нәтижелері туралы, оның медициналық көмекке жүгінуі туралы мәліметтер, соңғы үш жылда жұмыс істемеген күндерінің саны міндетті түрде көрсетіледі. Медициналық мінездемеде көрсетілген мәліметтер медициналық кітапшаның деректерімен және басқа да медициналық құжаттармен расталуы тиіс;

4) адамдардың әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет міндеттерін орындаумен байланысын көрсете отырып, әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезінде алған науқастануы, мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) туралы анықтама.

Адамдар жоғарыда көрсетілген құжаттарсыз медициналық куәландыруға жіберілмейді.

78. Науқастануы бойынша демалыс беру немесе әскери қызмет міндеттерін атқарудан босату туралы мәселені шешу үшін әскери қызметшілерді медициналық куәландыру әскери-медициналық мекеме бастығының (бастықтың медициналық бөлім жөніндегі орынбасарының) жазбаша өкімі бойынша жүргізіледі.

Науқастануы бойынша демалыс беру немесе арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет (әскери қызмет) міндеттерін атқарудан босату туралы мәселені шешу үшін арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, әскери қызметшілері үшін медициналық куәландыру әскери-медициналық мекеме және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті аумақтық органдары әскери-медициналық бөлімшелері бастығының (бастықтың медициналық бөлім жөніндегі орынбасарының) жазбаша өкімі бойынша жүргізіледі.

79. Келісімшарт бойынша әскери қызмет (қызмет) өткеретін әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін медициналық куәландыруды штаттық емес тұрақты әрекет ететін (гарнизондық немесе госпитальдық) ӘДК амбулаторлық немесе стационарлық тексеру басталған күннен бастап үштен он төрт жұмыс күні мерзімінде жүргізеді.

Талаптарға сәйкес әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеруге кедергі келтіретін науқастанулар болған немесе әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметте болудың шекті жасына толған кезде медициналық куәландыру госпитальдық ӘДК-да жүргізіледі.

Тексерілу мерзімдерін қысқарту мақсатында амбулаторлық тексерілу мен куәландырылу уақытында әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері лауазымдық міндеттерін орындаудан 3 тәуліктен артық емес мерзімге босатылады.

80. Әскери қызметшіні, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерін стационарлық медициналық куәландыруды науқастану, мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу) диагнозы және олардың салдарлары айқын болмауына байланысты көрсетілген мерзімде жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, оны тексеру әскери-медициналық мекеме бастығының жазбаша өкімімен жеті тәуліктен артық емес мерзімге ұзартылады, ол туралы әскери қызметшіні, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерін медициналық куәландыруға жіберген әскери бөлімнің командирі (мекеме бастығы) немесе кадр органы хабардар етіледі.

81. Егер арнаулы мемлекеттік органдардың әскери қызметшісін, қызметкерін медициналық куәландыру кезінде штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-да ол куәландырылатын мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу) немесе науқастану салдары арнаулы мемлекеттік органдарда әскери қызмет, қызмет өткерумен байланысты емес деп тануға негіз болса, онда ӘДК медициналық

құжаттаманы және жеке істі сұратады (сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органның қызметкері үшін жеке істен үзінді ұсынылады).

82. Талаптарда көзделген науқастанулар кезінде оқуды жалғастыруға жарамдылығын айқындау мақсатында тыңдаушылар, курсанттар мен кадеттер медициналық куәландырылу үшін штаттық емес тұрақты әрекет ететін (гарнизондық немесе госпитальдық) ӘДК-ға жіберіледі.

Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК оқуды жалғастыруға жарамдылығы (жарамсыздығы) туралы қорытындысын шығарады (бұл ретте ӘДК қорытындысын шығаруға негіз болған талаптардың тармақтары көрсетіледі).

83. Жасы он сегізге толмаған әскери оқу орындарының, арнаулы мемлекеттік органдардың оқу орындарының кадеттері мен курсанттарына қатысты штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК тек оқуға жарамдылығы (жарамсыздылығы) туралы қорытынды шығарады.

84. Оқуға жарамсыз деп танылған жасы он сегізден жоғары әскери (арнайы) оқу орындарының бірінші курс кадеттеріне, курсанттарына (офицер атақтары жоқ тыңдаушыларға) қатысты бір уақытта талаптарға сәйкес олардың әскери қызметке жарамдылығы туралы мәселе шешіледі.

85. "Әскери қызметке уақытша жарамсыз", "Арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке уақытша жарамсыз" деген қорытынды шығарылған кезде бұдан әрі оқуды жалғастыруға және әскери қызметке жарамдылығы туралы ӘДК-ның түпкілікті қорытындысы босату мерзімі, науқастануы бойынша демалысы аяқталғаннан кейін шығарылады.

86. Әскери кафедраларда запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарында оқитын азаматтарды медициналық куәландыруды тіркеу жөніндегі комиссияларының медициналық комиссиялары; қорғаныс істері жөніндегі департаменттер жанындағы ӘДК және гарнизондық ӘДК жүргізеді.

87. Әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет міндеттерін атқару кезінде, арнайы (әскери) оқу орындарында, арнаулы мемлекеттік органдардың оқу орындарында мертіккен әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін медициналық куәландыру әскери-медициналық мекемелерде (медициналық ұйымда) емделу аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу), науқастану кезінде емдеу ұзақтығы (денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен стандарттарға сәйкес) белгіленген мерзімдерден асқан қалған жағдайларда әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері медициналық куәландыруға ұсынылады.

88. Әскери қызметшіні, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерін бір әскери-медициналық мекемеден (медициналық ұйымнан) басқасына ауыстыру, науқастануы бойынша босатылған әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің тұрғылықты жеріне ілесіп жүру қажет болған, оның медициналық көмекке және бөгде адамның қамқорлығына мұқтаж болуына байланысты, оқшаулауды және ілесіп жүретін адамдарды талап ететін науқасты көшірген кезде штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК ауыстыру қажеттігі, ілесіп жүретін адамдардың саны және көлік түрі туралы қорытынды шығарады.

89. Әскери қызметшіге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкеріне науқастануы бойынша демалыс беру немесе әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет міндеттерін атқарудан босату туралы ӘДК қорытындысы талаптарға сәйкес әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке уақытша жарамсыздығы көзделгенде шығарылады.

90. Бейбіт уақытта штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК, егер стационарлық емделу және медициналық оңалту жүргізу аяқталғаннан кейін кемінде бір айды құрайтын мерзімде әскери қызметші, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкері әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет міндеттерін атқаруға кірісе алса, науқастануы бойынша демалыс беру туралы қорытынды шығарады.

Қалған жағдайларда әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерін емдеу әскери-медициналық мекемеде аяқталады, ал штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет міндеттерін атқарудан толық немесе ішінара босату туралы қорытынды шығарады.

91. Бейбіт уақытта әскери қызметшіге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкеріне науқастануы бойынша демалыс (қалпына келтіру емделудің соңғы кезеңі) мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу), науқастану сипатына және ауырлығына байланысты отыздан алпыс тәулікке дейінгі мерзімге беріледі.

92. Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің стационарлық емдеуде үздіксіз болуының, медициналық оңалту жүргізудің және науқастануы бойынша демалыста болуының жалпы ұзақтығы төрт айдан аспауға тиіс, ол аяқталғаннан кейін штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК әскери қызметке жарамдылық санатын айқындайды.

93. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкеріне, арнайы (әскери) оқу орындарының тәрбиеленушісіне, кадетіне, курсантына, тыңдаушысына науқастануы бойынша демалыс медициналық көрсеткіштері бойынша ұзартылады, бірақ әрбір ретте отыз тәуліктен аспайды. Стационарлық емделуде болу, медициналық оңалту жүргізу және науқасы бойынша демалыста болу

уақытын жалпы алғанда төрт айдан, ал туберкулезбен ауыратындар үшін он айдан аспауға тиіс.

Егер көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші, арнаулы мемлекеттік органдарда келісімшарт бойынша қызмет өткеретін қызметкер денсаулық жағдайы бойынша әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет міндеттерін атқаруға кірісе алмайтын болса, оның емделуде болу мерзімі әскери-медициналық мекеменің қорытындысы негізінде әскер түрлері қолбасшысынан, өңірлік қолбасшылық әскерлері қолбасшысынан бастап және одан жоғары (арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – кадр бөлімшесіне жетекшілік ететін арнаулы мемлекеттік орган бастығының орынбасары) тікелей бастықтың шешімімен ұзартылады.

Егер әскери қызметшіні одан әрі емдегеннен кейін әскери қызмет міндеттерін орындауға кірісе алатын жағдайларда емдеу мерзімдерін ұзарту жүзеге асырылады. Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері арнаулы мемлекеттік органдардағы қызмет міндеттерін орындауға кірісе алатын болса, сондай шешім қабылданады.

94. Әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік органдары қызметкерінің емделуде үздіксіз болу мерзімін ұзарту үшін әскери-медициналық мекеменің бастығы әскери қызметші, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкері қызмет өткеретін (оқитын) әскери бөлімнің (мекеменің) командиріне (бастығына), арнаулы мемлекеттік органдар бөлімшесінің бастығына емделуде болу мерзімін ұзарту туралы қатынас қағазын жолдайды, онда диагнозы, емделуді жалғастыру қажеттігі және алпыс тәуліктен аспайтын оның болжамды мерзімі көрсетіледі.

Әскери бөлімнің командирі, арнаулы мемлекеттік органдар бөлімшесінің бастығы ол туралы өз пікірі мен көрсетілген қатынас қағазын әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкері емделуде үздіксіз болу мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдайтын тікелей бастығына, кадр бөлімшесіне жетекшілік ететін арнаулы мемлекеттік орган бастығының орынбасарына ұсынады.

95. Емделуде және науқастануы бойынша демалыста үздіксіз болудың шекті мерзімі аяқталғаннан кейін әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке жарамдылық санатын айқындау үшін медициналық куәландыруға жатады.

96. Әскери қызметші-әйелдерге жүктілігі және бала тууы бойынша демалысты әскери бөлімнің командирі (мекеме бастығы) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімге медициналық денсаулық сақтау ұйымының қорытындысына сәйкес береді.

97. Штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-ның науқастануы бойынша демалыс беру (демалысты ұзарту) туралы қорытындысы әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалары кітабына жазылады және анықтамамен ресімделеді.

98. Осы Қағиданың 89-тармағымен көзделмеген жағдайларда штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет міндеттерін атқарудан жетіден он бес тәулікке дейін босату (бұдан әрі – босату) туралы қорытынды шығарады, бірақ жалпы босату мерзімі отыз тәуліктен аспауға тиіс.

99. Мерзімді әскери қызмет өткеретін және денсаулық жағдайы бойынша әскери қызмет міндеттерін атқарудан босатылған әскери қызметшілер әскери бөлімнің (лазареттің) медициналық пунктіне (медициналық ротаға), емделуге (сауықтыруға) жіберіледі.

Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге қатысты ішінара босату туралы қорытынды шығарған кезде штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК қорытындысында олар босатылған сабақтардың, жұмыстардың, нарядтардың нақты түрлері көрсетіледі.

100. Мерзімді әскери қызмет өткеретін және гаупвахтада ұстаумен қамауға алынған әскери қызметшілерге қатысты ӘДК науқастануы бойынша демалыс беру, әскери қызмет міндеттерін орындаудан босату туралы қорытынды шығармайды. Оларды емдеу әскери-медициналық мекемеде немесе әскери бөлімнің медициналық пунктінде аяқталуы тиіс.

101. Дене салмағының индексі кемінде 18,5 болған кезде тамақтануы төмен мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге, әскери (арнайы) оқу орындарының кадеттері мен курсанттарына қатысты штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК үш айдан аспайтын мерзімге оларға арналып көзделген азық-түлік үлесі нормасының жартысы шегінде оларды қосымша тамақтандыру туралы қорытынды шығарады.

102. Мерзімді әскери қызмет өткеретін бойы 190 см және одан жоғары болатын әскери қызметшілерге, әскери (арнайы) оқу орындарының кадеттері мен курсанттарына қатысты штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК көрсеткіштер бойынша үш айдан аспайтын мерзімге оларға арналып көзделген азық-түлік үлесі нормасының жартысы шегінде оларды қосымша тамақтандыру туралы қорытынды шығарады.

103. Көңіл-күйінің нашарлауына, ашығуды сезінуге, тамақтанғаннан кейін тойғанын сезбеуге шағымдану, сондай-ақ дене салмағының теріс қарқыны болған жағдайларда штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК тәуліктік азық-түлік үлесі нормасының жартысы шегінде оларды қосымша тамақтандыруды ұзарту туралы қорытынды шығарады.

104. Науқастануы бойынша босату (босатуды ұзарту) туралы штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК қорытындысы әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалары кітабына жазылады және анықтамамен ресімделеді.

105. Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді науқастануы бойынша демалысы аяқталғаннан кейін, қажет болған кезде, әскери қызметке жарамдылық санатын немесе демалыс ұзақтығын айқындау үшін қайта медициналық куәландыруға штаттық емес ӘДК-ға (әскери қызмет өткерген немесе демалысты өткізген орны бойынша) жіберіледі.

106. Келісімшарт бойынша әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда келісімшарт бойынша қызмет өткеретін қызметі бойынша ауысқан кезде (қызмет түрі мен тегі өзгерген кезде) және келісімшарттың жаңа түрін жасасуға немесе ұзартуға ниет білдірген әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін медициналық куәландыруды штаттық емес тұрақты әрекет ететін (гарнизондық немесе госпитальдық) ӘДК амбулаторлық немесе стационарлық жүргізеді.

Талаптарға сәйкес әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке жарамдылығы дербес бағалауды көздейтін науқастанулар кезінде келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін солдаттарға, матростарға, сержанттарға, старшиналарға, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеретін арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қатысты ӘДК: "Әскери қызметке шектеулі жарамды. Келісімшарт бойынша әскери қызметке түсуге жарамсыз" немесе "Арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке шектеулі жарамды. Келісімшарт бойынша арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке түсуге жарамсыз" деген қорытынды шығарады.

Талаптарға сәйкес арнаулы мемлекеттік органдардағы әскери қызметке, қызметке жарамдылығы дербес бағалауды көздейтін науқастанулар кезінде медициналық куәландырудан өтетін офицерлер құрамына қатысты, олардың одан әрі әскери қызмет өткеруінің мақсатқа сәйкестігі туралы қолбасшылықтың қолдауы және науқасы оң болжанған, оң қызметтік мінездеме және әскери қызметті жалғастыруға ниеттенген кезде "Әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды", "Арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке шамалы шектеулермен жарамды" деген қорытынды шығарылады.

107. Егер келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші, арнаулы мемлекеттік органдарда келісімшарт бойынша қызмет өткеретін қызметкер, арнайы (әскери) оқу орындарында оқитын курсант әскери есептен шығара отырып әскери қызметке (арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке) жарамсыз деп танылса және босатуды ресімдеу кезеңінде денсаулық жағдайы бойынша әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) міндеттерін

атқара алмайтын болса, штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК оның әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке жарамсыздығы туралы қорытындымен бір уақытта "Қызметтен босатуды ресімдеу үшін қажетті 30 (отыз) тәуліктен аспайтын мерзімге әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) міндеттерін атқарудан босатылуға жатады" деген ӘДК қорытындысын шығарады.

Егер әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз (арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке жарамсыз) деп танылған келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші, арнаулы мемлекеттік органдарда келісімшарт бойынша қызмет өткеретін қызметкер денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметтен, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметтен көрсетілген мерзімде босатылмаса штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК қайта: "Қызметтен босатуды ресімдеу үшін қажетті 30 (отыз) тәуліктен аспайтын мерзімге әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) міндеттерін атқарудан босатылуға жатады" деген ӘДК қорытындысын шығарады.

108. Климаттық жағдайлары қолайсыз аумақта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеруге (отбасы мүшелері үшін тұруға) жарамдылығын айқындау үшін әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер құрамының адамдарын және Қарулы Күштерде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдарда келісімшарт бойынша қызмет өткеретін арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін медициналық куәландыру бірінші бастықтың келісуі бойынша әскери бөлім командирінің, арнаулы мемлекеттік орган кадр бөлімшесі бастығының жолдамасы бойынша жүргізіледі.

Жолдамада әскери қызметші, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкері қызмет өткеру үшін жіберілетін немесе қызмет өткеретін нақты жері (аудан, қала, облыс), медициналық куәландырудың мақсаты көрсетіледі.

109. Климаттық жағдайлары қолайсыз аумақта қызмет өткеретін немесе осы аумақтарға қызмет өткеру үшін жіберілетін әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің әскери қызметке жарамдылығы және қызметке жарамдылығы санатын айқындау үшін медициналық куәландыру денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік органдары орталық атқарушы органдары бірінші басшыларының бұйрықтарымен бекітілетін Қазақстан Республикасының жекелеген аумақтарында әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеруге (отбасы мүшелері үшін тұруға) медициналық қарсы көрсеткіштер тізбесіне және тиісті ведомствоның нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

110. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен

әскери құралымдарында, арнаулы мемлекеттік органдарында осы Қағиданы қолдануды нақтылау денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және мүдделі ведомстволармен келісу бойынша қорғаныс саласындағы атқарушы органның, ұлттық қауіпсіздік органдары бірінші басшыларының бұйрықтарымен бекітілетін тиісті ведомствоның нұсқаулықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Әскери-теңіз күштерінің әскери қызметшілерін медициналық куәландыру

111. Әскери қызметшілерді қызметке жарамдылығын айқындау үшін медициналық куәландыру мынадай әскери-есептік мамандықтар бойынша он екі айда бір рет жүргізіледі: суүсті кемелерінің жеке құрамы;

тереңге сүңгітін сүңгуір, акванавт, сүңгуір маман;
басқарушы, белгі беруші, штурмандық электрик, торпедалық электрик, торпедашы, гидроакустик, суүсті кемелерінің радиотелеграфисі.

112. Егер әскери қызметшілер Әскери-теңіз күштеріндегі қызметке жарамсыз болған жағдайларда штаттық емес (тұрақты, уақытша әрекет ететін) ӘДК олардың әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды шығарады.

113. Егер кезекті медициналық куәландырудан кейін алты айдан астам уақыт өтсе, суүсті кемелеріндегі гидроакустиктер және радиотелеграфистер болып қызмет өткеретін әскери қызметшілер ұзақ (екі айдан артық) жүзу алдында медициналық куәландырылуға жатады.

114. Жүзуге кететін суүсті кемелеріне іссапарға жіберілген адамдар суүсті кемелеріндегі қызметке жарамдылығын айқындау үшін штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-да медициналық куәландырылуға жатады.

Жекелеген жағдайларда кемедегі қызметке кедергі келтіретін тұрақты теңгерілген науқастанулары бар іссапарға жіберілетін адамдарға штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК мынадай редакцияда қорытындысын шығарады: "Суүсті кемесінде 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге теңізге шығуға қарсы көрсеткіштері жоқ".

7. Аэроұтқыр әскерлерінің әскери қызметшілерін медициналық куәландыру

115. Аэроұтқыр әскерлеріндегі әскери қызметке жарамдылығын айқындау үшін мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді медициналық куәландыру қызмет кезеңінде бір рет, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретіндерге – он екі айда бір рет жүргізіледі.

116. Аэроұтқыр әскерлеріне әскери қызметке (әскери жиындарға) шақырылған азаматтарға және басқа да әскер тектерінен, әскери (арнайы) оқу

орындарынан, жетілдіру курстарынан әскери қызмет өткеру үшін келген әскери қызметшілерге медициналық куәландыру жүргізіледі.

117. Аэроұтқыр әскерлерінің әскери қызметшілерін кезектен тыс медициналық куәландыру, егер оларды госпитальдық ӘДК куәландырмаған болса, әскери-медициналық (медициналық) мекемелерден (ұйымдардан) стационарлық емделуден келгеннен кейін, сондай-ақ әскери-медициналық мекеменің дәрігер-маманының қорытындысы негізінде әскери бөлім командирінің шешімі бойынша жүргізіледі.

118. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін және дене салмағы 90 кг-дан асатын әскери қызметшілердің Аэроұтқыр әскерлеріне қызметке жарамдылығы дербес айқындалады.

8. Радиоактивтік заттармен, иондандырушы сәулелену көздерімен, зымыран отыны компоненттерімен, электр-магниттік өрістер көздерімен қызметке (жұмысқа) іріктеп алынатын және қызмет өткеріп (жұмыс істеп) жүрген әскери қызметшілерді (Қарулы Күштер қызметшілерін) медициналық куәландыру

119. Радиоактивтік заттармен (бұдан әрі – РЗ), иондандырушы сәулелену көздерімен (бұдан әрі – ИСК), зымыран отыны компоненттерімен (бұдан әрі – ЗОК), электр-магниттік өрістер көздерімен (бұдан әрі – ЭӨК) қызметке (жұмысқа) іріктеп алынатын және қызмет өткеріп (жұмыс істеп) жүрген әскери қызметшілерді (Қарулы Күштер қызметшілерін) медициналық куәландыру медициналық қызмет бастығының (дәрігерінің) және әскери бөлім қолбасшылығы өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

120. Медициналық куәландыру РЗ, ИСК, ЗОК, ЭМӨ көздерімен қызметке (жұмысқа) іріктелетін әскери қызметшілерді (Қарулы Күштер қызметшілерін) лауазымға тағайындау алдында, ал РЗ, ИСК, ЗОК және ЭМӨ көздерімен қызмет өткеретіндерді (жұмыс істейтіндерді) 3 (үш) жылда бір рет немесе медициналық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

121. РЗ, ИСК, ЗОК және ЭМӨ көздерімен қызметке (жұмысқа) іріктеп алынатын және қызмет өткеріп (жұмыс істеп) жүрген адамдарды медициналық куәландыру басталғанға дейін:

- 1) кеуде қуысы мүшелерін флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу;
- 2) қанды жалпы талдау (лейкоцитарлық формуланы және тромбоциттер санын есептей отырып);
- 3) зәрді жалпы талдау;
- 4) тыныштықта электрокардиографиялық зерттеу (жүктемеден кейін – көрсеткіштер бойынша);

5) мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенограммасы;

6) В және С гепатиттерінің маркерлеріне қанды зерттеу;

7) АИТВ инфекциясына қанды зерттеу;

Қырық жастан асқан адамдарға көздің ішкі қысымын өлшеу, қандағы қанттың деңгейін анықтау жүргізіледі. Медициналық көрсеткіштер бойынша қосымша медициналық зерттеулер жүргізіледі.

122. Медициналық куәландыру басталғанға дейін әскери бөлім медицина қызметінің бастығы (дәрігері) штаттық емес (тұрақты, уақытша) әрекет ететін ӘДК-ға әскери бөлім қолбасшылығы бекіткен медициналық куәландырылуға жататын әскери қызметшілер мен Қарулы Күштер қызметшілерінің тізімін береді

Тізімде: медициналық куәландырудың мақсаты; әскери атағы (әскери қызметшілер үшін); куәландырылушының тегі, аты, әкесінің аты; РЗ-мен, ИСК-мен, ЗОК-мен, ЭМӨ көздерімен қызмет өткеретін (жұмыс істейтін) адамдарға қатысты оның РЗ-мен, ИСК-мен, ЗОК-мен, ЭМӨ көздерімен жұмыс өтілі, сондай-ақ комиссияаралық кезеңде жеке дозиметрлік бақылау деректері көрсетіледі.

123. Медициналық куәландыру алдында әскери бөлім қолбасшылығының өкілі штаттық емес (тұрақты, уақытша) әрекет ететін ӘДК мүшелерін куәландырылушылардың қызмет (жұмыс) жағдайларымен таныстырады, ал әскери бөлім медицина қызметінің бастығы (дәрігері) ӘДК-ға комиссияаралық кезеңде куәландырылушылардың денсаулық жағдайын медициналық бақылаудың нәтижелері туралы хабарлайды.

124. РЗ-мен, ИСК-мен, ЗОК-мен және ЭМӨ көздерімен қызмет өткеретін (жұмыс істейтін) әскери қызметшіні (Қарулы Күштер қызметшісін) әскери-медициналық мекемеге стационарлық тексеруге және медициналық куәландыруға жіберген кезде маманның еңбек және жұмыс орны жағдайының санитарлық-гигиеналық картасы ұсынылады.

125. Стационарлық тексеру нәтижесінде әскери қызметшіде (Қарулы Күштер қызметшісінде) РЗ-ның, ИСК-ның, ЗОК-тың, ЭМӨ көздерінің организмге әсер етуі салдарынан болуы мүмкін науқастануы анықталғанда және осы науқастану бойынша талаптарда РЗ-мен, ИСК-мен, ЗОК-мен, ЭМӨ көздерімен қызметке (жұмысқа) әскери қызметке уақытша жарамсыздықты, жарамсыздықты немесе жарамдылықты дербес бағалау көзделген жағдайда штаттық емес (тұрақты, уақытша әрекет ететін) ӘДК радиолог және/немесе токсиколог дәрігердің қатысуымен ғана қорытынды шығарады.

ӘДК қорытындысы патологиялық үдерістің өтелу дәрежесі, әскери-есептік мамандық, жалпы еңбек өтілі және мамандығы бойынша еңбек өтілі, әскери қызмет міндеттерін орындау қабілеті ескеріле отырып шығарылады.

126. Әскери қызметке уақытша жарамсыздықты көздейтін Талаптарға сәйкес РЗ-мен, ИСК-мен, ЗОК-мен, ЭМӨ көздерімен қызмет ету (жұмыс істеу) үшін іріктелетін адамдарға қатысты РЗ-мен, ИСК-мен, ЗОК-мен, ЭМӨ көздерімен қызмет етуге (жұмыс істеуге) жарамсыздығы туралы ӘДК қорытындысы шығарылады.

127. Кезектен тыс медициналық куәландыруға денсаулық жағдайына шағымданған, бұрын РЗ-мен, ИСК-мен, ЗОК-мен, ЭМӨ көздерімен қызметке (жұмысқа) уақытша жарамсыз деп танылған, олар РЗ-мен, ИСК-мен, ЗОК-мен, ЭМӨ көздерімен қызметке (жұмысқа) жарамсыз деп танылуы мүмкін мертігуден, науқастанудан кейін науқастануы бойынша берілген демалыстан келген әскери қызметшілер (Қарулы Күштер қызметшілері) жатады.

128. Стационарлық тексеру және медициналық куәландыру нәтижелері бойынша бұрын РЗ-мен, ИСК-мен, ЗОК-мен, ЭМӨ көздерімен қызметке (жұмысқа) жарамсыз деп танылған адамдар үш айдан кейін қайтадан медициналық куәландыруға жіберіледі.

129. РЗ-мен, ИСК-мен, ЗОК-мен, ЭМӨ көздерімен қызметке жарамсыз деп танылған әскери қызметшілерге қатысты олардың әскери қызметке жарамдылық санаты туралы да ӘДК қорытындысы шығарылады.

9. Шет мемлекеттеріне шығатын келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдарда келісімшарт бойынша қызмет өткеретін қызметкерлерді және олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландыру

130. Шет мемлекеттеріне ұзақ (алты айдан астам) іссапарларға шығатын келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдарда келісімшарт бойынша қызмет өткеретін қызметкерлерді, олардың отбасы мүшелерін хирург, терапевт (он бес жасқа дейінгі балаларды – педиатр), невропатолог, окулист, оториноларинголог, дерматовенеролог, стоматолог, әйелдерге қатысты – гинеколог маман-дәрігерлер куәландырады.

Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасы мүшелерін медициналық куәландыру оларға туберкулезге қарсы, тері-венерологиялық, психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлерден олардың есепте тұратындығы туралы анықтамалар болған кезде жүргізіледі.

Медициналық куәландыру басталғанға дейін жалпы қабылданған зертханалық зерттеулерден басқа, қосымша қандағы қанттың деңгейін зерттеу жүргізіледі, ал әскери қызметшілерде бұдан басқа, қан тобы және резус-тиістілігі айқындалады.

Кіру үшін АИТВ-инфекциясының жоқтығына сертификат талап етілетін мемлекеттерге шығатындарға сертификатты ала отырып АИТВ-ға тексеру жүргізіледі.

131. Шет мемлекеттеріне ұзақ (алты айдан астам) іссапарға жіберілетін әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландыру денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітілетін шетел мемлекетінде қызмет өткеруге (отбасы мүшелері үшін тұруға) медициналық қарсы көрсеткіштер тізбесі негізінде жүргізіледі.

132. Медициналық куәландырудың нәтижелері бойынша штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК мынадай қорытындылардың біреуін шығарады:

- 1) шет мемлекетінде қызметке (отбасы мүшелері үшін – тұруға) жарамды;
- 2) шет мемлекетінде қызметке (отбасы мүшелері үшін – тұруға) жарамсыз.

133. Штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК қорытындысы шет мемлекетіне шығатын азаматтың денсаулық жағдайы туралы анықтамамен ресімделеді.

Шет мемлекетіне қызметке (тұруға) жарамды деп танылған адамдарға анықтама үш данада жасалады, олардың бірінші және екінші даналары медициналық куәландыруға жіберген әскери бөлімнің командиріне жіберіледі, үшінші данасы штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-да қалады.

134. Штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-ның шет мемлекетіне шығатын адамның шетел мемлекетінде қызметке (тұруға) жарамсыздығы туралы қорытындысы штаттық ӘДК-да бекітілуге жатады.

135. Штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-ның шет мемлекетінде қызметке (тұруға) жарамдылығы туралы қорытындысы оны шығарған күннен бастап бір жыл ішінде жарамды.

136. Карантиндік инфекциялар бойынша қолайсыз елдерге шыққан және куәландырылушыларда осы инфекцияларға қарсы алдын алу егулерін жүргізу үшін қарсы көрсеткіштер болған кезде штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК шет мемлекетінде қызметке (тұруға) жарамсыздығы туралы қорытындысын шығарады.

10. Запастағы (арнаулы мемлекеттік органдарында запастағы) азаматтарды әскери жиындарға немесе әскери қызметке (арнайы мемлекеттік органдарға қызметке) шақыру кезінде немесе есепке алу мақсатында медициналық куәландыру

137. Запастағы азаматтарды әскери (арнайы) жиындарға немесе әскери қызметке шақыру кезінде немесе есепке алу мақсатында медициналық

куәландыру басталғанға дейін қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) бастығы запастағы азаматтың медициналық куәландыру картасын ресімдейді және осы Қағиданың 37-тармағына сәйкес медициналық құжаттарды сұратады.

Арнаулы мемлекеттік органдардың запастағы әскери міндеттілері ӘДК-ға осы Қағиданың 37-тармағына сәйкес мәліметтерді ұсынады.

138. Медициналық куәландыру басталғанға дейін:

- 1) қанды жалпы талдау;
- 2) мерезге микропреципитация реакциясы (микрореакция);
- 3) зәрді жалпы талдау;
- 4) тыныштықта электрокардиографиялық зерттеу (жүктемеден кейін - көрсеткіштер бойынша);
- 5) кеуде қуысы мүшелерін флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу медициналық куәландыру күніне дейін үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі;
- 6) мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенограммасы (әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке шақырылатындар үшін);
- 7) қырық жастан асқан адамдарға көздің ішкі қысымын өлшеу, қандағы қантты анықтау жүргізіледі.

Медициналық көрсеткіштер бойынша алдын алу егулері мен қажетті медициналық зерттеулер жүргізіледі.

139. Әскери қызметтен денсаулық жағдайы бойынша босатылған азаматтарды медициналық куәландыру кезінде қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) қорғаныс істері жөніндегі департаменттер жанындағы медициналық комиссияларға ӘДК қорытындысының түпнұсқасын (көшірмесін) береді.

Арнаулы мемлекеттік органдардан денсаулық жағдайы бойынша босатылған азаматтарға арнаулы мемлекеттік органдардың кадр бөлімшелері ӘДК-ға ӘДК қорытындысының түпнұсқасын (көшірмесін) береді.

140. Талаптарға сәйкес әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке жарамдылығы дербес бағалау көзделетін науқастанулар болған кезде келісімшарт бойынша әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген және есепке алу мақсатында немесе келісімшарт бойынша әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке түскен кезде куәландырылатын азаматтарға қатысты, сондай-ақ әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке шақыру кезінде запастағы офицерлер құрамының әскери міндеттілеріне қатысты ӘДК: "Әскери қызметке шектеулі жарамды" немесе "Арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке шектеулі жарамды", әскери жиындарға шақыру кезінде – "Әскери жиындарға жарамсыз" деген қорытынды шығарады.

141. Талаптарға сәйкес әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке уақытша жарамсыздығы көзделетін науқастанулар болған кезде әскери

(арнайы) жиындарға шақырылатын әскери міндеттілерге қатысты әскери жиындарға жарамсыздығы туралы ӘДК қорытындысы шығарылады.

142. Әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке шақырылған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің, арнаулы мемлекеттік органдар бірінші басшыларының әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке шақыру туралы бұйрығы болған кезде, бірақ қызмет орнына әлі жіберілмеген және денсаулық жағдайына шағымданған запастағы офицерлер құрамының әскери міндеттілерін қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) бастықтарының, арнаулы мемлекеттік органдары кадр бөлімшелері бастықтарының жолдауы бойынша штаттық емес тұрақты әрекет ететін (гарнизондық немесе госпитальдық) ӘДК куәландырады.

Талаптарға сәйкес әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке жарамдылық санатын өзгерту көзделетін науқастанулар анықталған кезде штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК қорытындысы науқастану туралы куәлікпен (анықтамамен) ресімделеді және штаттық ӘДК-ның бекітуіне жатады.

143. Егер әскери қызметтен денсаулық жағдайы бойынша босатылған азамат медициналық куәландыру сәтінде ӘДК қорытындысын қайта қарау және әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау туралы мәселе қоятын болса, қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығы қайта куәландыру жүргізуге жолдама берудің мақсатқа сәйкестігін қарайды.

Осы мақсатта денсаулық жағдайының жақсарғанын растайтын құжаттар, диспансерлік есептен алынғаны туралы анықтамалар, стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінділер, амбулаторлық карта және денсаулық жағдайын сипаттайтын басқа да медициналық құжаттар сұратылады. Денсаулық жағдайында оң серпінділік болған кезде қайта куәландырылуға жататын азамат алдын ала медициналық куәландыруды алдын ала қорытынды шағаратын қорғаныс істері жөніндегі департаменттің медициналық комиссиясында өтеді. Әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдар медициналық куәландыруға жатпайды.

Қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығы оның өтінішін, әскери билетін, медициналық кітапшасын, ӘДК қорытындысын, медициналық құжаттармен расталған алдын ала медициналық куәландыру нәтижелерін штаттық ӘДК-ға жібереді.

Егер арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен денсаулық жағдайы бойынша босатылған азамат медициналық куәландыру сәтінде ӘДК-ның қорытындысын қайта қарау және қызметке (әскери қызметке) жарамдылық санатын айқындау туралы мәселе қоятын болса, кадр бөлімшесінің (бөлімінің) бастығы оның өтінішін, әскери билетін, медициналық кітапшасын, ӘДК қорытындысын және басқа да қолда бар медициналық құжаттарын штаттық

ӘДК-ға жібереді.

Әскери қызметтен, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметтен психикалық науқастануы салдарынан денсаулық жағдайы бойынша босатылған азаматқа жоғарыда айтылған құжаттардан басқа медициналық денсаулық сақтау ұйымы дәрігер-мамандарының стационарлық емдеуден кейін бұрын қойылған диагнозды өзгерту немесе алып тастау туралы қорытындысы ұсынылады.

144. Штаттық ӘДК ұсынылған құжаттарды зерделейді және егер өтінішті қанағаттандыру үшін негіздеме бар екені белгіленсе, азамат әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке жарамдылық санатын айқындау мақсатында қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығы арқылы, ал арнаулы мемлекеттік органдар үшін – кадр бөлімшесінің бастығы арқылы штаттық емес тұрақты әрекет ететін (гарнизондық немесе госпитальдық) ӘДК-ға медициналық куәландыруға жіберіледі.

145. Медициналық куәландыру жүргізілгеннен кейін штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-ның қорытындысы науқастануы туралы куәлікпен ресімделеді және штаттық ӘДК-ның қарауына жіберіледі. Мертігудің, науқастанудың себепті байланысы науқастануы туралы куәлігінде көрсетілмейді.

3-тарау. Мемлекеттік авиацияда әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізудің тәртібі және оны ұйымдастыру

1. Мемлекеттік авиацияның авиациялық персоналын медициналық куәландыру

146. Авиациялық персонал (ұшқыштар, штурмандар және ұшу экипаждарының басқа да мүшелері, парашютшілер, әуе кемесінің бортында ұшу тапсырмаларын орындайтын әскери қызметшілер) ұшу жетекшілері тобының адамдары жыл сайын кезекті жоспарлы медициналық куәландыруға жатады.

Әуе қозғалысын басқару орталықтарының жауынгерлік басқарма, авиацияны бақылау пункттерінің офицерлері жыл сайын тереңдетілген медициналық тексеруден өтеді.

Әскери-әуе күштері қолбасшысы және Әуе қорғанысы күштері Басқолбасшылығы басқармасының жоғары тұрған басшысы дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясын (бұдан әрі – ДҰК) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясында (бұдан әрі – ОӘДК) өтеді.

147. Кезекті медициналық куәландыруға дайындық кезінде әскери бөлім медицина қызметінің бастығы комиссияаралық кезеңде медициналық қадағалаудың мынадай нәтижелерін жинақтайды:

1) денсаулық жағдайындағы өзгерістердің қарқынын;

2) ұшу жұмысының бұрын анықталған патологиялық өзгерістерге, егер олар орын алса, әсерін;

3) жеке психологиялық ерекшеліктерін;

4) шалдыққан наукастануларды, олардың өтуінің ерекшеліктерін;

5) әртүрлі ұшу түрлеріне, арнайы жаттықтыруларға, сынаулар мен зерттеулерге төзімділігін.

148. Медициналық куәландыру басталғанға дейін авиациялық персоналдың барлық адамдарына:

1) кеуде қуысы мүшелерін флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу;

2) тыныштықта және дене жүктемесінен кейін он екі жалғамалық әдіспен электрокардиография;

3) қанды және зәрді жалпы талдау;

4) 40 жастан асқан адамдарға қандағы қантты зерттеу;

5) көрсеткіштер бойынша фиброгастродуоденоскопия;

6) 40 жастан асқан адамдарға көздің ішкі қысымын өлшеу;

7) көрсеткіштер бойынша мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенографиясы жүргізіледі.

149. Барлық клиникалық-зертханалық және инструменталдық зерттеулер медициналық куәландыру басталғанға дейін бір айдан ерте емес орындалуы тиіс. Қосымша тексерулер медициналық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

150. Авиациялық персонал, атап айтқанда, ұшқыштар мен штурмандар бірінші стационарлық медициналық куәландырудан отыз жаста өтеді.

Талаптардың тармақтарын қолданусыз ұшу жұмысына жарамды деп танылған ұшқыштар мен штурмандар кезекті стационарлық медициналық куәландырудан үш жылдан кейін, ал ұшу жұмысына жарамдылығы жеке бағалауды көздейтін талаптардың тармақтарына сәйкес ұшу жұмысына жарамды деп танылғандар екі жылдан кейін өтеді.

Ұшу жұмыстарына (ұшуға үйретуге, ұшуларға басшылық жасауға, парашютпен секірулерге және ұшуларға) жарамдылығы туралы ДҰК қорытындысының жарамдылық мерзімі, оны шығарған сәттен бастап бір жыл. Егер белгіленген мерзімдерде медициналық куәландыру (амбулаторлық, стационарлық) объективті себептер бойынша жүргізілмесе, аға медицина бастығының рұқсаты бойынша авиация бөлімі медицина қызметінің бастығы тереңдетілген медициналық тексеру жүргізеді және оның нәтижелері бойынша 60 тәулікке дейін ұшуларға (ұшуларға басшылық жасауға) рұқсат ету туралы шешім қабылдайды.

151. Егер ұшқыштар мен штурмандардың денсаулық жағдайында диагнозды немесе дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясының сараптамалық қорытындысын нақтылауды талап ететін өзгерістер болса, олар кезектен тыс стационарлық

медициналық куәландыруға жіберуге жатады.

152. Кезектен тыс медициналық куәландыру мынадай жағдайларда:

- 1) денсаулық жағдайында өзгерістер болған кезде;
- 2) ұшу тапсырмаларын жүйелі түрде орындамаған жағдайларда;
- 3) ұшу жұмысында 6 (алты) айдан астам үзілістер болған кезде;
- 4) авиациялық оқиғалардан кейін;
- 5) жұмыс істеу үшін оларға денсаулық жағдайына анағұрлым жоғары медициналық талаптар қойылатын ұшқыштар құрамын ұшақтардың басқа да типтеріне ауыстырған кезде;
- 6) климаттық жағдайлары қолайсыз жергілікті жерге (шетел мемлекеттеріне) жіберген кезде және одан қайтқаннан кейін (екі айдан астам болу мерзімімен) жүргізіледі.

Авиациялық персоналдың басқа да адамдары медициналық көрсеткіштер бойынша стационарлық медициналық куәландыруға жіберіледі.

153. Кезекті (кезектен тыс) стационарлық медициналық куәландыру әскери-медициналық мекемелердің мамандандырылған бөлімшелерінде жүргізіледі.

154. Кезекті (кезектен тыс) медициналық куәландыруға жіберуді әскери бөлімнің командирі және одан жоғары басшы жүргізеді.

155. Медициналық куәландыруға жіберілетін адамдардың дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясына:

- 1) медициналық куәландыруға жолдама;
- 2) медициналық кітапшасы;
- 3) қызметтік және медициналық мінездемелер ұсынылады.

156. Медициналық мінездемеде мынадай негізгі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) қай уақыттан бастап әскери қызметші әскери бөлімде дәрігерлік қадағалауда тұр;
- 2) бұрынғы дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясының диагнозы мен қорытындысы;
- 3) соңғы рет қашан және қайда стационарлық медициналық куәландырудан өтті;
- 4) комиссияаралық кезеңдегі дене бітімінің жағдайына және жұмысқа қабілеттілігіне жалпы мінездеме;
- 5) медициналық көмекке жүгінушілік және еңбекке қабілеттілік шығындары күндерінің саны;
- 6) медициналық көрсеткіштер бойынша ұшу жұмысынан босату немесе шеттету жағдайлары, олардың себептері;
- 7) ұшу жұмысына дәрігерлік қадағалаудың деректері;
- 8) жеке-психологиялық ерекшеліктері;

- 9) ұшу жұмысын жалғастырудың мақсатқа сәйкестігі;
- 10) медициналық куәландыруға жіберудің себебі;
- 11) әскери бөлім дәрігерінің ұшу жұмысында одан әрі пайдалану туралы пікірі.

157. Қызметтік мінездемеде мынадай негізгі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) жалпы ұшу, ұшақтың (тікұшақтың) типі;
- 2) ұшу жұмысын және қызметтік міндеттерді орындау сапасы;
- 3) ұшу жұмысын жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытынды.

158. Барокамерада биіктік гипоксиясына төзімділікті зерттеу:

- 1) ұшқыштар мен штурмандарға отыз жасқа жеткенге дейін – төрт жылда бір рет, одан әрі – стационарлық медициналық куәландыру кезінде және медициналық көрсеткіштер бойынша;
- 2) ұшқыштар экипаждарының басқа да мүшелеріне – бес жылда бір рет;
- 3) парашютшілерге, планершілерге және әуеде ұшушыларға, әуе кемесінің бортында ұшу тапсырмаларын орындауға қатысатын әскери қызметшілерге – алғашқы медициналық куәландыру кезінде, ал одан әрі – медициналық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

Барокамерада биіктік гипоксиясына төзімділікті жоспарлы сынаулар барокамера болмаған кезде ұшақтағы биіктік сынауларымен ауыстырылады.

159. Авиациялық персонал адамдары кезекті медициналық куәландыруға ауыз қуысын санациялауды жүргізгеннен кейін, ал әйелдер қосымша гинекологтың қарауынан өткеннен кейін ғана жіберіледі.

160. Стационарлық медициналық тексеру аяқталғаннан кейін әскери қызметші сараптамалық қорытынды шығаратын және оны куәландырылушыға жеткізетін штаттық емес госпитальдық дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясына ұсынылады. Зерттеулер, дәрігер-мамандардың тексеру нәтижелері және дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясының қорытындысы медициналық кітапшаның тиісті бөлімдеріне енгізіледі. Куәландырылушы міндетті медициналық зерттеу жүргізуден бас тартқан жағдайда медициналық тексеру тоқтатылады және әскери қызметші әскери бөлімге шығарылады. Медициналық кітапшада "Міндетті медициналық тексеруден бас тартуына байланысты дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясының медициналық куәландыруынсыз шығарылады" деген жазба жүргізіледі.

161. Ұшу жұмысына (ұшуларға басшылық жасауға, парашюттік секірулерге немесе ұшуларға) жарамсыз деп танылған және ұшу жұмысымен (ұшуларға басшылық жасаумен, парашюттік секірулермен және ұшулармен) байланысты емес әскери лауазымдарға тағайындалған авиациялық персонал диспансерлік есепке қойылады.

162. Жазылған немесе науқастанудың тұрақты ремиссиясына жеткен

жағдайда осы адамдарды штаттық әскери-дәрігерлік комиссиямен келіскеннен кейін (әскери бөлім қолбасшылығының қолдауымен, қызметтік және медициналық мінездемелерді, медициналық кітапшаны міндетті түрде ұсына отырып) әскери бөлімнің командирі ұшу жұмысына, ұшуларға басшылық жасауға, парашюттік секірулерге және ұшуларға, бірақ ұшу жұмысына (ұшуларға басшылық жасауға, парашюттік секірулерге және ұшуларға) жарамсыздығы туралы сараптамалық қорытынды шығарылғаннан кейін бір жылдан ерте емес, қалпына келтіру мүмкіндігін айқындау үшін стационарлық медициналық куәландыруға жібереді.

163. Авиациялық персонал, атап айтқанда ұшқыштар мен штурмандар ұшу лауазымдарына қалпына келтіру кезінде әскери-медициналық мекемелердің мамандандырылған бөлімшелерінде медициналық тексеруге және куәландыруға жатады.

164. Әскери-медициналық мекемеде емдеуде жатқан авиациялық персонал тексеру кезінде денсаулық жағдайында анықталған өзгерістер:

- 1) ұшу жұмысына жарамдылық дәрежесін өзгерту;
- 2) климаттық жағдайлары қолайсыз жергілікті жерлерде (шетел мемлекеттерінде) қызмет өткеруге қарсы көрсеткіштерді айқындау;
- 3) науқастануы бойынша демалыс беру;
- 4) әскери қызметтің басқа да міндеттерін орындай отырып, ұшулардан босату қажеттілігін тудыратын жағдайларда ғана дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясына ұсынылады.

165. Егер шалдыққан науқастану бұрынғы сараптамалық қорытындыны өзгертуді талап етпесе, авиациялық персонал медициналық куәландырусыз әскери-медициналық (медициналық) мекемеден (ұйымнан) шығарылады және шығару эпикризінде және медициналық кітапшада "Шалдыққан науқастану ұшу жұмысын жалғастыруға кедергі келтірмейді" деген жазба жүргізіледі.

166. Ұшқыш авиациялық персоналды даярлау бойынша әскери оқу орындарында оқитын курсанттар жыл сайын ұшуға үйретуге жарамдылығын айқындау үшін, ал үйрету аяқталғаннан кейін ұшу жұмыстарына жарамдылығын айқындау үшін (ұшу практикасы басталғанға дейін) дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясына медициналық куәландыруға жатады.

Бұл ретте оларға мыналар жүргізіледі:

- 1) кеуде қуысы мүшелерін флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу;
- 2) (тыныштықта және дене жүктемесінен кейін) он екі жалғамалық әдіспен ЭКГ;
- 3) қанды жалпы талдау;
- 4) зәрді жалпы талдау;
- 5) бірінші курс курсанттарының қан тобын және резус-тиістілігін айқындау,

олардың нәтижелері медициналық кітапшаға және әскери билетке жазылады.

Медициналық көрсеткіштер бойынша курсанттар әскери-медициналық ұйымдардың (медициналық мекемелердің) мамандандырылған бөлімшелеріне медициналық куәландыруға жіберіледі.

2. Запастағы авиациялық персоналды есепке алу мақсатында медициналық куәландыру

167. Авиациялық персоналды, атап айтқанда запастағы ұшқыштар құрамын есепке алу мақсатында медициналық куәландыру бес жылда бір рет әскери жиындарға шақыру алдында немесе денсаулық жағдайында өзгерістер кезінде жүргізіледі. Ұшулар экипаждарының басқа да мүшелеріне әскери жиындарға шақырылған кезде немесе денсаулық жағдайында өзгерістер кезінде ғана жүргізіледі.

168. Медициналық куәландыру нәтижелері запастағы азаматтың медициналық куәландыру картасына жазылады.

169. Авиациялық персонал, атап айтқанда запастағы және азаматтық авиацияда ұшу жұмысындағы ұшқыштар мен штурмандар есепке алу мақсатында медициналық куәландыруға жіберілмейді. Бұл ретте қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) сол мерзімдерде осы адамдарға жұмыс орны бойынша дәрігерлік-ұшқыштар сараптамалық комиссияларынан жеке іске тіркеу үшін оларды медициналық куәландыру нәтижелері туралы анықтамаларды сұратады.

4-тарау. Әскери қызмет (әскери жиындарды), арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеруге (міндеттерді орындауға) байланысты әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің немесе азаматтардың науқастануларының, мертігулерінің, қаза табуының (қайтыс болуының) себепті байланысын айқындау

170. Науқастанулардың, мертігулердің себепті байланысы мыналарда айқындалады:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда және құқық қорғау органдарында қызмет өткеретін азаматтарға – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясында (бұдан әрі – ҚР ҚМ ОӘДК-сы), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясында (бұдан әрі –

ҚР ҰҚК ОӘДК-сы), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери-дәрігерлік комиссиясында (бұдан әрі – ҚР ҰҚК ШҚ ӘДК-сы), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясында (бұдан әрі – ҚР ПМ ОӘДК-сы), ішкі істер департаменттерінің штаттық әскери-дәрігерлік комиссиясында (бұдан әрі – ПД ӘДК-сы), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің әскери-дәрігерлік комиссиясында (бұдан әрі – ҚР ПМ ІӘ ӘДК-сы), Қарулы Күштердің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдардың, ұлттық қауіпсіздік органдарының штаттық емес тұрақты әрекет ететін госпитальдық және гарнизондық ӘДК-сында;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматтарға – ҚР ҚМ ОӘДК-сы; ҚР ҰҚК ОӘДК-сы; ҚР ҰҚК ШҚ ӘДК-сы; ҚР ПМ ОӘДК-сы; ҚР ПМ ІӘ ӘДК-сы.

171. Науқастану, мертігу туралы жаңадан ашылған жағдайлар және олардың әскери қызмет (міндеттерді орындаумен), арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерумен байланысы болған кезде науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы қорытынды сырттай (құжаттар бойынша) (бұрын шығарылған қорытындыны жоя отырып) қайта қаралады.

Науқастанулардың, мертігулердің, қаза табудың (қайтыс болудың) себепті байланысы туралы штаттық және штаттық емес ӘДК қорытындылары жарамдылық мерзімін шектеусіз бір рет бір данада беріледі.

172. Әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне немесе азаматтарға мертігудің себепті байланысын белгілеу туралы ӘДК қорытындысы мертігу туралы анықтамаға сәйкес мертігу алудың жағдайлары туралы акті немесе қызметтік тексеру материалдары негізінде шығарылады.

173. Мертігу туралы анықтаманы әскери қызметші, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкері немесе азамат әскери қызмет (қызмет) өткерген әскери бөлімнің командирі, бөлімше бастығы береді. Мертігу туралы анықтамада мертігу жағдайлары және әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет міндеттерін орындаумен (өткерумен) байланысы көрсетіледі.

Штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК және штаттық ӘДК мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК-ның қорытындысын мертігу туралы анықтаманы және мертігу жағдайларын көрсететін, растайтын құжаттарды қарау негізінде шығарады.

174. Мертігудің, науқастанудың себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығарған кезде мертігу туралы анықтама болмаған кезде мертігу , науқастану себебі мен жағдайлары көрсетілген құжаттар (егер олар мертігу,

науқастану сәтінен 3 (үш) күннен кешіктірілмей жасалса): қызметтік және медициналық мінездемелер; амбулаторияда медициналық көмекке алғаш жүгінуі туралы науқастарды есепке алу кітабынан үзінді; әкімшілік немесе қызметтік тексеру, анықтау немесе қылмыстық іс материалдары; аттестациялар; әскери-медициналық мекеменің анықтамасы; науқастану тарихы немесе одан үзінді; науқастануы туралы куәлігі; әскери бөлім немесе әскери-медициналық мекеме дәрігерінің әскери қызметшінің медициналық кітапшасына медициналық көмекке алғаш жүгінуі туралы жазбасы; мұрағаттық мекеменің анықтамасы назарға алынуы мүмкін.

175. Егер азамат Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарда қызмет өткеру кезеңінде мертігуі, науқастануы себебінен емдеуде болса және ӘДК-ға медициналық куәландыруға жіберілмесе, егер жауынгерлік іс-қимылдарға қатысу кезеңінде алынған дене зақымдануларының айқын салдарлары бар болса, сондай-ақ әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда және құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезеңінде науқастануы салдарынан немесе әскери қызметтен, арнаулы мемлекеттік органдарда және құқық қорғау органдарында қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл өткенге дейін азаматқа мүгедектік белгіленсе немесе қайтыс болса, мертігудің, науқастанудың себепті байланысын ҚР ҚМ ОӘДК-сы, ҚР ҰҚК ОӘДК-сы, ҚР ІІМ ОӘДК-сы айқындайды.

176. Науқастанулардың, мертігулердің, қаза табудың (қайтыс болудың) себепті байланысын айқындау – азаматтардың, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган аумақтық бөлімшелерінің, зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыратын органдардың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, сот пен прокуратураның кадрлар қызметтерінің өтініші негізінде айқындалады.

177. Мертігудің, науқастанудың себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабына, әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің мертігу, науқастану жағдайларын растайтын құжатқа сілтеме жасай отырып науқастануы туралы куәлігіне немесе анықтамаға, науқастану тарихына, медициналық кітапшаға жазылады.

178. Науқастануы туралы куәлікте, анықтамада немесе басқа да медициналық құжаттарда науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы болмаған кезде, көрсетілген құжаттарды дұрыс ресімдемеген, азамат қолда бар науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысымен келіспеген кезде, сондай-ақ әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеруді растайтын құжаттарда "науқастануы

бойынша" немесе "денсаулық жағдайы бойынша" әскери қызметтен, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметтен босату туралы жазбалар болған кезде құжаттар штаттық ӘДК-ның қарауына жолданады.

179. Құжаттарды қарау нәтижелері және науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы штаттық ӘДК-ның қорытындысы ӘДК отырысының хаттамасымен ресімделеді.

180. Әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтың құжаттарында науқастану диагнозы көрсетілмеген, бірақ медициналық куәландыру сәтінде қолданылған Науқастанулар кестесінің тармағы көрсетілген жағдайда штаттық ӘДК науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы өз қорытындысында Науқастанулар кестесінің көрсетілген тармағында көзделген науқастанулардың атауын көрсетеді.

181. Егер әскери қызметшіде, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінде әртүрлі жағдайларда туындаған (алған) бірнеше науқастанулар, мертігулер немесе олардың салдарлары анықталса, себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы жеке шығарылады.

182. Егер құжатта себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы бұрын шығарылған науқастанудың, мертігудің диагнозы нақты көрсетілмесе, штаттық ӘДК оның тұжырымын өзгертпей, алғашқы диагнозды көрсетеді, одан кейін науқастанудың, мертігудің нақтыланған диагнозын көрсетеді және ол бойынша себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығарады.

183. Егер азаматтың медициналық куәландыру нәтижелері туралы құжаттары болмаса немесе оған медициналық куәландыру жүргізілмесе, науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығару үшін негіздеме науқастану тарихындағы, медициналық кітапшадағы, медициналық анықтамадағы, мұрағат анықтамасындағы жазбалар болып табылады.

184. ӘДК-ның мынадай:

1) "Әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) міндеттерін орындау кезінде мертіккен" деген қорытындысы, егер ол әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ радиоактивтік заттардың, иондандырушы сәулелену көздерінің, зымыран отыны компоненттерінің және өзге де жоғары уытты заттардың, электр-магниттік өріс көздерінің және оптикалық кванттық генераторлардың әсер етуі негіз болған зақымданулар нәтижесінде алынса, әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне;

2) "Әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) міндеттерін орындау кезінде алынған науқастану" деген қорытындысы, егер ол өте қауіпті инфекциялық эпидемиялық ошағында болу уақытында жұқтырылса, ал медициналық персонал санынан куәландырылушыда бұдан басқа туберкулезбен,

вирусты гепатитпен және АИТВ-инфекциясымен науқастанғандарға медициналық көмек көрсету бойынша қызметтік міндеттерді орындау кезінде жұқтыру салдары болса шығарылады;

3) "Әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) өткерумен байланысты науқастану" деген қорытындысы, егер олар куәландырылушыда әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезеңінде туындаса немесе көрсетілген кезеңде әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке жарамдылық санатын өзгертетін ауырлық дәрежесіне жеткен болса, сондай-ақ әскери қызметтен, арнаулы мемлекеттік органдардан қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде диагнозы қойылған созылмалы баяу үдемелі науқастанулар кезінде, егер науқастанудың басталуын әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезеңіне жатқызса, науқастанудың басталуын көрсетілген кезеңге жатқызуға мүмкіндік беретін медициналық құжаттар болған кезде созылмалы баяу үдемелі науқастанулар кезінде әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне немесе азаматтарға шығарылады.

185. ӘДК-ның "Төтенше экологиялық жағдайлар салдарынан алынған науқастану" деген қорытындысы, егер науқастанулар апат салдарынан туындаған қолайсыз факторлардан пайда болса, әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген және төтенше экологиялық жағдайлардың, соның ішінде 1986-1990 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі - Чернобыль АЭС) авария салдарын жою жөніндегі жұмыстарды орындауға тартылған әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, азаматтарға шығарылады.

186. ӘДК-ның "Иондандырушы сәулелену әсеріне байланысты алынған науқастану" деген қорытындысы әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген және ядролық қару сынағына қатысқан немесе 1949-1991 жылдар кезеңінде радиоактивтік заттармен ластанған аумақта әскери қызмет (әскери жиындар) өткерген әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, азаматтарға шығарылады.

187. Осы Қағиданың 184-186-тармақтарында көрсетілген санаттағы азаматтарға науқастанулардың себепті байланысын анықтау кезінде штаттық ӘДК Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген иондандырушы сәулелену әсеріне байланысты науқастанулардың тізбесін, әскери қызмет (қызмет) өткеру туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қорғаныс министрліктерінің мұрағаттық деректерін басшылыққа алады.

Егер науқастанудың басталуын әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезеңіне жатқызуға болса көрсетілген кезеңде немесе

олар апат салдарларын жою бойынша жұмыстарды тоқтатқаннан кейін бес жыл ішінде созылмалы баяу үдемелі (жалпы соматикалық) науқастанулар кезінде осы Қағиданың 184-186-тармақтарында көрсетілген ӘДК қорытындылары шығарылады.

188. ӘДК-ның "Бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде алынған мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу)"; "Әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет міндеттерін орындау кезінде алынған мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу)"; "Майданда болумен байланысты науқастану"; " Ауғанстанда немесе жауынгерлік іс-қимылдар жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызмет өткерумен байланысты науқастану" деген қорытындысы "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңымен мәртебесі белгіленген әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, азаматтарға шығарылады.

189. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысумен байланысты науқастанулардың, мертігулердің себепті байланысын белгілеу үшін штаттық ӘДК-ға әскери қызмет , арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткергені туралы құжаттар, әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезеңінде науқастану, мертігу фактісін растайтын мұрағаттық құжаттар және әскери қызметтен, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметтен босатылғаннан кейін ресімделген медициналық құжаттар ұсынылады.

190. ӘДК-ның мынадай:

1) ӘДК-ның "Әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) міндеттерін орындаумен байланысты емес қайғылы оқиға нәтижесінде алынған мертігу" деген қорытындысы, мертігу әскери қызметпен, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет міндеттерін орындаумен байланысты болмаған жағдайларда әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне;

2) "Әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) өткерумен байланысты емес науқастану" деген қорытындысы, егер науқастану куәландырылушыда әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке шақырғанға, келісімшарт бойынша әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке түскенге дейін туындаса және келісімшарт бойынша әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезеңінде куәландырылушының әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметке жарамдылық санатын өзгертетін дәрежеге жетпесе, әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне шығарылады

191. ӘДК-ның мынадай:

1) "Әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) міндеттерін орындау нәтижесінде алынған қаза табуына (қайтыс болуға) әкеп соқтырған мертiгу" деген қорытындысы, егер әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде мертiгу болса, сондай-ақ егер әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет міндеттерін орындау кезінде алынған мертiгу салдарынан немесе әскерден босатудан кейiн бiр жыл iшiнде қаза табу (қайтыс болу) болса әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) өткерген әскери қызметшiлерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерiне, азаматтарға;

2) "Әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) міндеттерін орындау нәтижесінде алынған қаза табуына (қайтыс болуға) әкеп соқтырған науқастану" деген қорытындысы, егер өте қауiптi инфекциялық эпидемиялық ошағында болу уақытында жұқтырылса, ал медициналық персонал санынан бұдан басқа қызметтік міндеттерін орындау кезінде туберкулездi және АИТВ-инфекциясын жұқтыру салдары болса (науқастармен тiкелей қарым-қатынастары бар адамдар үшiн) немесе әскерден босатудан кейiн бiр жыл iшiнде қаза табу (қайтыс болу) болса әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген әскери қызметшiлерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерiне, азаматтарға;

3) "Әскери қызмет (арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет) өткеру кезеңiнде алынған қаза табуына (қайтыс болуға) әкеп соқтырған науқастану" деген қорытындысы, егер әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезеңiнде алынған науқастану салдарынан немесе әскерден босатудан кейiн бiр жыл iшiнде қаза табу (қайтыс болу) болса, әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген әскери қызметшiлерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерiне, азаматтарға шығарылады.

192. "Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектiлердегi басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсерiне байланысты қаза табуына (қайтыс болуға) әкеп соқтырған науқастану, мертiгу" деген қорытындысы, егер әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезеңiнде алынған науқастану, мертiгу салдарынан немесе әскерден босатудан кейiн бiр жыл iшiнде қаза табу (қайтыс болу) болса, әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген әскери қызметшiлерге, қызметкерлерге, азаматтарға шығарылады.

5-тарау. Арнаулы мемлекеттік органдарда әскери-дәрiгерлiк сараптаманы жүргiзудiң ерекшелiктерi

193. Арнаулы мемлекеттік органдарда әскери-дәрiгерлiк сараптаманы Ұлттық қауiпсiздiк комитетiнiң әскери-дәрiгерлiк сараптама органдары жүргiзедi.

Штаттық емес тұрақты және уақытша әрекет ететін ӘДК-да медициналық куәландыру арнаулы мемлекеттік органның кадр қызметі берген жолдама негізінде жүргізіледі. Жолдамаға арнаулы мемлекеттік орган кадр қызметінің бастығы қол қояды және мөрмен расталады.

194. Жолдамада куәландырылушының тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, айы, күні, оның қызметке қатысты мәртебесі; медициналық куәландыруға жіберудің мақсаты; медициналық куәландыру жүргізілетіннің жарамдылығын айқындау үшін қызмет, бөлімше түрі немесе тегі, арнайы (әскери) оқу орнының және факультеттің атауы көрсетілуі тиіс.

Медициналық куәландырылуға берілетін жолдама берілген күннен бастап бір ай ішінде жарамды.

195. Азаматтар осы Қағиданың 37, 66-тармақтарында көрсетілген тиісті құжаттарды ұсынғаннан кейін, оларды арнаулы мемлекеттік органдардың штаттық емес (тұрақты немесе уақытша әрекет ететін) ӘДК-сында медициналық куәландыруға рұқсат беріледі.

Бұл ретте азаматтар тыныштықта және жүктемеден кейін ЭКГ-ны, мерезге серологиялық реакцияны (RW) ұсынады.

40 жастан асқан азаматтарға көздің ішкі қысымын өлшеу, 30 жастан бастап қандағы қантты талдау жүргізіледі.

196. Арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке, келісімшарт бойынша әскери қызметке және (немесе) арнайы (әскери) оқу орындарында оқуға жарамдылық арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет және әскери қызмет ету үшін денсаулық жағдайының сәйкес келуіне қойылатын талаптарға сәйкес айқындалады.

197. Арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке, келісімшарт бойынша әскери қызметке немесе арнайы (әскери) оқу орындарына оқуға түсетін кандидаттарды медициналық куәландыруды ұлттық қауіпсіздік органдарының гарнизондық ӘДК дәрігер-мамандары: хирург, терапевт, невропатолог, психиатр, оториноларинголог, офтальмолог, дерматовенеролог, нарколог, стоматолог, әйелдер үшін қосымша – гинеколог жүргізеді.

Арнаулы мемлекеттік органдардың оқу орындарына күндізгі оқу нысанына жаңадан қабылданатын кандидаттар алдын ала медициналық куәландыруды тұрғылықты жері бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-сында, түпкілікті медициналық куәландыруды арнаулы мемлекеттік органдардың штаттық емес уақытша әрекет ететін ӘДК-сында өтеді.

Түпкілікті медициналық куәландыру кезінде қанды жалпы талдау, зәрді жалпы талдау, қанға микрореакция жүргізіледі. Қажет болған кезде басқа да зерттеу әдістері жүргізіледі.

198. Штаттық емес тұрақты және уақытша әрекет ететін ӘДК қорытындысы,

егер бұл қорытындыда өзге айтылмаса, куәландыру сәтінен бастап 1 бір жыл ішінде жарамды.

Куәландырылушыларға биологиялық сұйықтықтарда есірткі заттарының бар болуына экспресс-диагностика жүргізіледі.

Оң нәтиже кезінде психикалық белсенді заттарды пайдалану және масаю жай-күйі фактісін белгілеу үшін зерттеу субъектілері денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен медициналық ұйымдарға жіберіледі.

Биологиялық сұйықтықтарда есірткі заттарының бар болуына оң нәтижелер айқындалған кезде психоактивті затты пайдалану фактісін және масаю жай-күйін белгілеу үшін зерттеу субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен медициналық ұйымдарға (наркологиялық ұйымдарға немесе денсаулық сақтау органдарымен айқындалған емдеу-алдын алу ұйымдарына) жіберіледі.

199. Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу аясында психофизиологиялық куәландыру жүргізіледі.

Арнаулы мемлекеттік органдарда психофизиологиялық куәландыруды жүргізу тәртібі мен оны ұйымдастыруды басқа да Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының келісімі бойынша ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы орталық мемлекеттік органның бірінші бастығы айқындайды.

200. Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарына қызметке кіруге және (немесе) арнайы (әскери) оқу орындарына, соның ішінде шетел мемлекеттеріне оқуға түсетін азаматтар үшін медициналық куәландыру жанадан қабылданатындар сияқты осы Қағиданың 2-тарауының 3, 4-бөлімдеріне сәйкес жүргізіледі.

201. Талаптарға сәйкес денсаулық жағдайы бойынша арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке жарамды азаматтар арнаулы мемлекеттік органдарға келісімшарт бойынша қызметке кіруге және (немесе) әскери (арнайы) оқу орындарына оқуға түсуге жарамды деп танылады.

202. Арнаулы мемлекеттік органдардың бөлімшелер функцияларына, бөлімшелердің қызмет тегі мен түріне; әскери (арнайы) оқу орнына, факультетіне байланысты арнаулы мемлекеттік органдарға келісімшарт бойынша қызметке кіру және (немесе) әскери (арнайы) оқу орындарында оқуға жарамдылық айқындалады.

Бұл жағдайларда арнаулы мемлекеттік органдардың штаттық емес тұрақты және уақытша әрекет ететін ӘДК-сы: "(Бөлімше, қызмет тегі, түрі; көрсетіледі) келісімшарт бойынша қызметке кіруге жарамды"; "Әскери (арнайы) оқу орнына (факультетке) түсуге жарамды" деген қорытынды шығарады.

203. Медициналық куәландыру кезінде штаттық емес тұрақты және уақытша әрекет ететін ӘДК қорытындылары ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабында, медициналық куәландыру актісінде, сәйкесінше арнайы (әскери) оқу орындарына оқуға түсушінің картасында, анықтамасында және науқастануы туралы куәлігінде жазылады.

6-тарау. Ішкі істер органдарында, өртке қарсы қызметте, қаржы полициясында, кеден органдарында, прокуратура органдарында (бұдан әрі – құқық қорғау органдарындағы қызмет) әскери-дәрігерлік сараптама жүргізудің тәртібі және оны ұйымдастыру

1. Құқық қорғау органдарына қызметке және ішкі әскерлерге келісімшарт бойынша әскери қызметке түсетін кандидаттарды медициналық куәландыру

204. Кадр қызметтері құқық қорғау органдарына қызметке және ішкі әскерлерге келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін кандидаттың жолдамасын (лауазымына және мамандығына сәйкес) ресімдейді. Жолдама ӘДК-ға медициналық куәландыруға берілген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жарамды.

Медициналық куәландыру үшін кандидаттар денсаулық сақтау ұйымдарынан осы Қағиданың 37-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады. Ішкі әскерлерге келісімшарт бойынша әскери қызметке және құқық қорғау органдарына қызметке кіретін азаматтар медициналық куәландыру кезінде әскери билетті немесе әскери қызметке жарамдылығы және әскери қызметке шақырудан шеттету себептері туралы белгісі бар тіркеу куәлігін ұсынады.

205. Медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін кандидатқа амбулаторлық науқастың медициналық картасы және медициналық құжаттар (егілу картасы) қайтарылады.

206. Құқық қорғау органдарына қызметке және ішкі әскерлерге келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін кандидаттарды медициналық куәландыруды ішкі істер органдары ӘДК-сының дәрігер-мамандары: хирург, терапевт, невролог, психиатр, оториноларинголог, офтальмолог, дерматовенеролог, стоматолог, әйелдер үшін – гинеколог жүргізеді.

Штаттық ӘДК-да медициналық куәландыру кезінде құқық қорғау органдарына қызметке кіретін кандидаттарға психологиялық тексеру жүргізіледі.

Ішкі әскерлерге келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін кандидаттарға психикалық-физиологиялық зерттеулер көрсеткіштер бойынша жүргізіледі (қару-жарақты және оқ-дәрілерді сақтауға байланысты лауазымдарға әскери қызметке кіретіндерге).

207. Науқастану диагнозын нақтылау үшін кандидат амбулаторлық немесе стационарлық тексеруге медициналық денсаулық сақтау ұйымына жіберіледі.

208. Куәландырылушыны медициналық тексеруді аяқтау бір ай ішінде мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ тағайындалған қосымша медициналық зерттеулер нәтижелері мерзімінде ұсынылмаған жағдайда ӘДК "Қорытынды медициналық куәландыруға келмеуіне (тексерілуінің аяқталмауына) байланысты шығарылмайды" деген қорытынды шығарады.

209. Кандидат тексерілуден бас тартқан кезде ішкі істер органдарының ӘДК-сы: "Құқық қорғау органдарына қызметке жарамсыз", "Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамсыз" деген қорытынды шығарады.

210. Ішкі істер органдарының ӘДК-сы құқық қорғау органдарына қызметке және ішкі әскерлерге келісімшарт бойынша әскери қызметке түсетін кандидаттарды медициналық куәландыру үшін медициналық куәландыру актісін ресімдейді.

211. Кандидаттар ӘДК-да медициналық куәландыру үшін мыналарды ұсынады:

1) кеуде қуысы мүшелерін флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу медициналық куәландыру күніне дейін үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі;

2) мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенограммасы – келісімшарт бойынша әскери қызметке түсетіндер үшін;

3) тыныштықта электрокардиографиялық зерттеу (тыныштықта және жүктемеден кейін – келісімшарт бойынша әскери қызметке түсетіндер үшін);

4) қанды жалпы талдау;

5) мерезге микропреципитация реакциясы (микрореакция);

6) зәрді жалпы талдау;

7) қырық жастан асқан адамдарға көздің ішкі қысымын өлшеу, қандағы қантты талдау жүргізіледі.

Медициналық көрсеткіштер бойынша қосымша зерттеулер мен басқа да мамандардың кеңестері тағайындалады.

212. Талаптарға сәйкес денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды немесе әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды кандидаттар ішкі әскерлерге келісімшарт бойынша әскери қызметке түсуге жарамды деп танылады.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және құқық қорғау органдарымен келісу бойынша ішкі істер саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен құқық қорғау органдарында қызмет ету үшін денсаулық жағдайының сәйкес келуіне қойылатын талаптарға сәйкес денсаулық жағдайы бойынша жарамды кандидаттар құқық қорғау органдарына қызметке кіруге жарамды деп танылады.

213. Құқық қорғау органдарына қызметке кіруге жарамды деп танылған кандидаттарға қатысты ішкі істер органдарының ӘДК-сы құқық қорғау органдарында қызмет өткеру үшін, құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында оқуға, климаттық жағдайлары қолайсыз аумақтарда арнаулы қызмет өткеруге (жолдамаға сәйкес) жарамдылығы туралы ӘДК қорытындысын шығарады.

214. Ішкі әскерлерге келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамды деп танылған кандидаттарға қатысты, медициналық куәландыруға жолдамаға сәйкес ішкі істер органдарының ӘДК-сы ішкі әскерлерде келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру үшін, құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында оқуға, климаттық жағдайлары қолайсыз аумақтарда әскери қызмет өткеруге жарамдылығы туралы қорытындысын шығарады.

215. Медициналық куәландыру кезінде құқық қорғау органдарына қызметке кіруге кедергі келтіретін науқастану немесе жүктілік анықталған кезде одан әрі медициналық куәландыру тоқтатылады және ішкі істер органдарының ӘДК-сы (жолдамаға сәйкес) "Құқық қорғау органдарына қызметке жарамсыз" деген қорытындысын шығарады. Құқық қорғау органдарына қызметке уақытша жарамсыз деп танылған адамдарға қатысты да осындай қорытынды шығарылады.

Медициналық куәландыру кезінде ішкі әскерлерге келісімшарт бойынша әскери қызметке түсуге кедергі келтіретін, емдеу үшін уақытты қажет ететін науқастану немесе жүктілік анықталған кезде одан әрі медициналық куәландыру тоқтатылады және ішкі істер органдарының ӘДК-сы "Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамсыз" деген қорытындысын шығарады, бұл ретте ішкі әскерлерге әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды шығарылмайды.

Ішкі әскерлерге келісімшарт бойынша әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған адамдарға қатысты да осындай қорытынды шығарылады.

216. Ішкі әскерлерге келісімшарт бойынша әскери қызметке және құқық қорғау органдарына қызметке түсетіндер үшін ӘДК қорытындысын іске асыру мерзімі – алты ай.

2. Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсетін азаматтарды медициналық куәландыру

217. Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына күндізгі оқу нысанына түсетін кандидаттар ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-да алдын ала медициналық куәландырудан, құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының штаттық емес уақытша әрекет ететін ӘДК-сында (бұдан әрі – УӘДК) түпкілікті медициналық куәландырудан өтеді.

Түпкілікті куәландыру үшін УӘДК құқық қорғау органы білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен жыл сайын құрылады. УӘДК құрамы білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен мынадай бекітіледі: төраға (оқу орнының медицина қызметінің бастығы); төрағаның орынбасары (штаттық дәрігер-мамандар санынан); штаттық аумақтық ӘДК төрағасы; комиссия мүшелері: терапевт, психиатр, невролог, хирург, офтальмолог, оториноларинголог, стоматолог, дерматовенеролог, гинеколог; хатшы (орта медициналық персонал санынан). УӘДК жұмысының мерзімі және тәртібі осы бұйрықпен айқындалады. Сапалы кәсіптік іріктеу мақсатында комиссия құрамына штаттық аумақтық ӘДК-ның дәрігер-сарапшылары, психологы және зертханашысы енгізіледі. Құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының бастықтарына УӘДК-ны жасақтау үшін құқық қорғау жүйесінің медициналық мекемелерінен тиісті мамандықтардың дәрігерлерін шақыруға рұқсат етіледі.

Құқық қорғау органы білім беру ұйымының УӘДК төрағасы әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша ішкі істер органдары аумақтық штаттық ӘДК бастығына (төрағасына) бағынады.

Құқық қорғау органының білім беру ұйымына оқуға түсуге жарамсыздығы туралы УӘДК қорытындылары ішкі істер органдары аумақтық штаттық ӘДК-да бекітілуге жатады.

218. Медициналық куәландыру алдында ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сы осы Қағиданың 37-тармағына сәйкес медициналық құжаттарды сұратады, құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсушінің медициналық куәландыру карталарын ресімдейді және мыналар жүргізіледі:

- 1) қанды жалпы талдау;
- 2) мерезге микропреципитация реакциясы (микрореакция);
- 3) зәрді жалпы талдау;
- 4) мұрынның қосалқы қуыстарының рентгенографиясы – әскери оқу орындарына түсетіндер үшін;
- 5) ЭКГ;
- 6) кеуде қуысы мүшелерін флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу медициналық куәландыру күніне дейін үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

219. Алдын ала медициналық куәландыруға жіберу кезінде амбулаторлық науқастың медициналық кітапшасы және/немесе медициналық картасы ұсынылады, оларда соңғы үш жыл ішіндегі жыл сайынғы тереңдетілген және бақылау медициналық тексерулердің нәтижелері, медициналық көмекке жүгінулер көрсетілуі тиіс.

220. Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсетін кандидаттарда әскери билеті, әскери қызметке жарамдылық санаты мен әскери қызметке шақырудан шеттетілу себебі көрсетілген тіркеу куәлігі бар болған

кезде азаматтарды медициналық куәландыру 206-тармаққа сәйкес жүргізіледі.

221. Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсуге кедергі келтіретін науқастану анықталған жағдайда одан әрі куәландыру тоқтатылады және құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсуге жарамсыздығы туралы қорытынды шығарылады. Жарамдылық санаты дербес бағаланған кезде құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсетін кандидаттар білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанына түсуге жарамсыз деп танылады.

222. Медициналық куәландыру нәтижелері және ішкі істер органдары штаттық ӘДК-сы мен құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының штаттық емес уақытша әрекет ететін УӘДК қорытындылары медициналық куәландыру картасында, медициналық кітапшада (әскери қызметшілер үшін) және ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабында жазылады.

223. Түпкілікті медициналық куәландыру кезінде құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсуге жарамсыз деп танылған кандидаттардың медициналық куәландыру карталары медициналық куәландыру сапасын талдау және жақсарту үшін медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясына жолданады.

3. Құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарын, сондай-ақ ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін медициналық куәландыру

224. Медициналық куәландыруға жолдаманы:

1) құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына қатысты құқық қорғау органдарының басшылығымен келісу бойынша құқық қорғау органдарының кадр қызметтері, ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне қатысты ішкі әскерлер әскери бөлімдерінің командирлері;

2) әскери арнайы оқу орындарының, құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының курсанттарына қатысты әскери арнайы оқу орындарының, құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының бастықтарымен келісу бойынша әскери арнайы оқу орындарының, құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының кадр қызметтері береді.

225. Ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сына медициналық куәландыруға жіберілетін құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына, сондай-ақ ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне:

1) медициналық куәландыруға жолдама;

2) амбулаторлық науқастанудың медициналық картасы (медициналық

кітапшасы);

3) әскери бөлімнің (мекеменің) мөрімен бекітілген қызметтік және медициналық мінездемелер (амбулаторлық науқастың медициналық картасынан үзінді) ұсынылады:

қызметтік мінездемеде куәландырылушының денсаулық жағдайының атқаратын лауазымы бойынша оның қызметтік (әскери қызмет) міндеттерін орындауына әсері туралы мәліметтер, кадр қызметінің (қолбасшылықтың) оның одан әрі қызметінің мақсатқа сәйкестігі туралы пікірі және басқа лауазымға ауыстыру (Ішкі әскерлердің әскери қызметшісінің одан әрі әскери қызмет өткеру) мүмкіндіктері көрсетіледі;

медициналық мінездемеде әскери қызметшінің денсаулық жағдайын қарқынды қадағалау нәтижелері туралы, оның медициналық көмекке жүгінуі, соңғы үш жылда жұмыс істемеген күндерінің саны туралы мәліметтер көрсетіледі; медициналық мінездемеде көрсетілген мәліметтер медициналық кітапшадағы деректермен және басқа да медициналық құжаттармен расталуы тиіс.

4) құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезінде мертлікке адамдарға мертігу туралы анықтама мертігу жағдайлары туралы акті немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін құқық қорғау органдарында қызметтік міндеттерді орындаумен, ал ішкі әскерлердің әскери қызметшілері үшін – әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысын көрсете отырып қызметтік тексеру материалдары негізінде ұсынылады.

226. Құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарын, сондай-ақ ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін медициналық куәландыруды ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сы үштен он төрт жұмыс күніне дейінгі мерзімдерде осы Қағиданың 206-тармағына сәйкес жүргізеді.

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне психологиялық тексеру көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

Әскери арнайы оқу орындарының, құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының жасы он сегізге толмаған курсанттарына қатысты ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сы тек оқуға жарамдылығы (жарамсыздығы) туралы қорытынды шығарады.

Әскери арнайы оқу орындарының, құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының он сегіз және одан жоғары жастағы оқуға жарамсыз деп танылған курсанттарына (офицерлік немесе арнайы атақтары жоқ тыңдаушыларына) қатысты бір мезгілде олардың әскери қызметке жарамдылығы туралы мәселе Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет ету үшін денсаулық жағдайының сәйкес келуіне қойылатын талаптарға сәйкес шешіледі.

"Әскери қызметке уақытша жарамсыз" деген ӘДК-ның қорытындысын шығарған кезде босату мерзімі, науқастануы бойынша демалыс аяқталғаннан кейін одан әрі оқуға және әскери қызметке жарамдылығы туралы түпкілікті қорытынды қабылданады.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін стандарттарға сәйкес емделу ұзақтығы белгіленген мерзімдерден асатын мертігулер мен науқастанулар болған кезде құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдары, сондай-ақ ішкі әскерлердің әскери қызметшілері медициналық куәландыруға ұсынылады.

227. Құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына немесе ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне қызметтік міндеттерін орындаудан босату немесе әскери қызмет міндеттерін орындаудан босату, науқастануы бойынша демалыс беру туралы ӘДК-ның қорытындысы Талаптарға сәйкес құқық қорғау органдарында қызметке немесе әскери қызметке уақытша жарамсыздық көзделетін жағдайда шығарылады.

228. Ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне әскери қызмет міндеттерін орындаудан босату жетіден отыз тәулікке дейінгі немесе науқастануы бойынша демалыс отыздан алпыс тәулікке дейінгі мерзімге беріледі.

229. Құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамы адамдарының, ішкі әскерлерде мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің және осы санатқа сәйкес келетін адамдардың стационарлық емдеуде үздіксіз болуының, медициналық оңалту жүргізудің және науқастануы бойынша демалыста болуының жалпы ұзақтығы төрт айдан аспауға тиіс (туберкулез кезінде – он ай), ол аяқталғаннан кейін ішкі істер органдарының ӘДК-сы әскери қызметшілердің әскери қызметке, қызметкерлердің құқық қорғау органдарына қызметке жарамдылығы санатын айқындайды).

230. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде мертіккен құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарын медициналық куәландыру медициналық мекемеде (ұйымда) емдеу аяқталуы бойынша немесе айқындалған нәтиже кезінде жүргізіледі. Қызметкерлердің қызметтік міндеттерін және қызметтік борышын орындау кезінде мертігуіне байланысты емделуде болу уақыты мерзіммен шектелмейді. Құқық қорғау органының бастығы емдеу-алдын алу мекемесінің қатардағы және басшылық құрамы адамдарының емделуде болуы туралы ақпаратын ескере отырып қызметке жарамдылығы санатын айқындау үшін ӘДК-ға медициналық куәландыруға жіберу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды. Емделу ұзақтығы емделуде және науқастануы бойынша демалыста шекті (ұзартуды ескере отырып) үзіліссіз болу мерзімінен асатын мертігулер болған жағдайларда құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдары, сондай-ақ ішкі әскерлердің әскери

қызметшілері құқық қорғау органдарында қызметке (әскери қызметке) жарамдылық санатын айқындау үшін медициналық куәландыруға жатады.

231. Құқық қорғау органдарының қызметкер-әйелдеріне және ішкі әскерлердің әскери қызметші-әйелдеріне жүктілігі және бала тууы бойынша демалыстарды құқық қорғау органдарының кадр қызметтері, ішкі әскерлер әскери бөлімдерінің командирлері медициналық денсаулық сақтау ұйымының қорытындысына сәйкес Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімге береді.

232. Ішкі істер органдары ӘДК-сының ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне науқастануы бойынша босату (босатуды ұзарту) немесе науқастануы бойынша демалыс (демалысты ұзарту) беру туралы қорытындысы әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалары кітабына жазылады және анықтамамен ресімделеді.

233. Мерзімді әскери қызмет өткеретін ішкі әскерлердің әскери қызметшілері науқастануы бойынша демалыс аяқталғаннан кейін қажет болған кезде әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау немесе науқастануы бойынша демалысты ұзарту үшін ішкі істер органдарының ӘДК-сына қайта медициналық куәландыруға (әскери қызмет өткерген немесе демалысты өткізген жері бойынша) жіберіледі.

234. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін және келісімшарттың жаңа түрін жасасуға немесе әскери қызмет өткеру туралы келісімшартты ұзартуға тілек білдірген ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін медициналық куәландыруды ішкі істер органдарының ӘДК-сы жүргізеді.

235. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшылық құрамының адамдарын медициналық куәландыру саны үш жылда кемінде бір рет және медициналық көрсеткіштер бойынша белгіленеді.

4. Құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамы адамдарының, азаматтардың құқық қорғау органдарында қызмет өткеру (қызметтік міндеттерді орындау) кезеңінде науқастануларының, мертігулерінің, қаза табуының (қайтыс болуының) себепті байланысын айқындау

236. Науқастанудың, мертігудің себепті байланысы құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарында немесе Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматтарында айқындалады.

237. Құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматтарға

мертігудің себепті байланысын белгілеу туралы ӘДК қорытындысы мертігу туралы анықтамаға сәйкес мертігудің жағдайлары туралы акті немесе қызметтік тексеру материалдары негізінде шығарылады.

238. Мертігу туралы анықтаманы азамат қызмет өткерген құқық қорғау органдарының кадр қызметтері береді.

239. Мертігу туралы анықтамада мертігудің жағдайлары және құқық қорғау органдарында қызметтік міндеттерді орындаумен байланысы көрсетіледі.

240. Ішкі істер органдарының ӘДК-сы мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын мертігу туралы анықтаманы және мертігу жағдайларын сипаттайтын растайтын құжаттарды қарау негізінде шығарады.

241. Егер азамат құқық қорғау органдарында қызмет өткерген кезде науқастануына, мертігуіне байланысты емдеуде болса және медициналық куәландыруға жіберілмесе, құқық қорғау органдарынан босатылу сәтінде науқастанудың, мертігудің себепті байланысын ішкі істер органдарының ОӘДК-сы айқындайды.

242. Науқастану, мертігу туралы жаңадан ашылған жағдайлар және олардың құқық қорғау органдарында қызмет өткерумен (қызметтік міндеттерді орындаумен) байланысы болған кезде науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы сырттай (құжаттар бойынша) қайта каралады.

Науқастанулардың, мертігулердің, қаза табудың (қайтыс болудың) себепті байланысы туралы штаттық және штаттық емес ӘДК қорытындылары жарамдылық мерзімін шектеусіз бір рет беріледі.

243. Науқастанулардың, мертігудің себепті байланысын айқындау – азаматтардың, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган аумақтық бөлімшелерінің, зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыратын органдардың, құқық қорғау органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, соттар кадр қызметтерінің өтініші негізінде айқындалады.

244. Науқастануы туралы куәлікте, анықтамада немесе басқа да медициналық құжаттарда науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы болмаған кезде, көрсетілген құжаттарды дұрыс ресімдемеген, азамат науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы қолда бар ӘДК қорытындысымен келіспеген кезде, сондай-ақ құқық қорғау органдарында қызмет өткеруді куәландыратын құжаттарда "науқастануы бойынша" немесе "денсаулық жағдайы бойынша" құқық қорғау органдарында қызметтен босату туралы жазбалар болған кезде құжаттар ішкі істер органдары штаттық ӘДК-сының қарауына жолданады.

245. Құжаттарды қарау нәтижелері және науқастанудың, мертігудің себепті

байланысы туралы ішкі істер органдары штаттық ӘДК-сының қорытындысы ӘДК отырысының хаттамасымен ресімделеді және сараптамалық қорытындысы шығарылады.

246. Егер құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматтың құжаттарында науқастану диагнозы көрсетілмесе, бірақ медициналық куәландыру сәтінде қолданылған талаптардың (науқастанулар кестесінің) тармағы көрсетілсе, ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сы өзінің науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысында талаптардың (науқастанулар кестесінің) көрсетілген тармағымен көзделген науқастанулардың атауын көрсетеді.

247. Егер құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарында немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматтарда әртүрлі жағдайларда туындаған (алған) бірнеше науқастанулар, мертігулер немесе олардың салдары анықталса, себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысы жеке шығарылады.

248. Егер құжатта бұрын себепті байланысы туралы қорытынды шығарылған науқастанудың, мертігудің диагнозы нақты көрсетілмесе, ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сы оның тұжырымын өзгертпей, алғашқы диагнозды көрсетеді, одан кейін науқастанудың, мертігудің нақтыланған диагнозын көрсетеді және ол бойынша себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығарады.

249. Егер азаматтың медициналық куәландыру нәтижелері туралы құжаттары болмаса немесе оны медициналық куәландыру жүргізілмесе, науқастанудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын шығару үшін негіздеме науқастану тарихындағы, медициналық кітапшадағы, медициналық анықтамадағы, мұрағат анықтамасындағы жазбалар болып табылады.

250. Қызмет өткеру (қызметтік міндеттерді орындау) кезеңінде алған науқастану, мертігу салдарынан немесе қызметтен босатылғаннан кейін қаза табудың (қайтыс болудың) себепті байланысы туралы ӘДК қорытындысын ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сы айқындайды.

251. ӘДК-ның мынадай:

1) "Қызметтік міндеттерді орындау кезінде алынған мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу)" деген қорытындысы, егер олар куәландырылушыда құқық қорғау органдарында қызметтік міндеттерді орындау кезеңінде, сондай-ақ радиоактивтік заттардың, иондандырушы сәулелену көздерінің, зымыран отыны компоненттерінің және өзге де жоғары уытты заттардың, электр-магниттік өрістер көздерінің және оптикалық кванттық генераторлардың әсер етуі негіз болған зақымданулар нәтижесінде туындаса құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына немесе құқық қорғау органдарында

қызмет өткерген азаматтарға;

2) "Құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезеңінде науқастану" деген қорытындысы, егер олар куәландырылушыда құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезеңінде туындаса немесе көрсетілген кезеңде құқық қорғау органдарына қызметке жарамдылық санатын өзгертетін ауырлық дәрежесіне жеткен болса, сондай-ақ егер науқастанудың басталуын құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезеңіне жатқызса, науқастанудың басталуын көрсетілген кезеңге жатқызуға мүмкіндік беретін медициналық құжаттар бар болған кезде созылмалы баяу үдемелі науқастанулар кезінде құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматтарға;

3) "Құқық қорғау органдарында қызметтік міндеттерін орындау кезінде шалдыққан науқастану" деген қорытындысы, егер ол өте қауіпті инфекциялық эпидемиялық ошағында болу уақытында жұқтырылса, сондай-ақ осыған қатысты жеңілдіктер көзделетін (қылмыстық-атқару жүйесінің тікелей медициналық мекемелерінде жұмыс істейтін) және сотталған науқастармен тікелей қарым-қатынастары бар қызметкерлер туберкулезбен, ЖИТС-мен науқастанғанда шығарылады.

252. ӘДК-ның "Төтенше экологиялық жағдайлар салдарынан алынған науқастану" деген қорытындысы, егер науқастанулар апат салдарынан туындаған қолайсыз факторлардан пайда болса, құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткерген және төтенше экологиялық жағдайлардың, соның ішінде 1986 – 1990 жылдары Чернобыль АЭС-ындағы авария салдарын жою жөніндегі жұмыстарды орындауға тартылған азаматтарға шығарылады.

253. ӘДК-ның "Иондандырушы сәулелену әсерімен байланысты науқастану" деген қорытындысы құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткерген және 1949 – 1991 жылдар кезеңінде радиоактивтік заттармен ластанған аумақта ядролық қару сынағына қатысқан азаматтарға шығарылады.

254. Осы Қағиданың 252-253-тармақтарында көрсетілген санаттағы азаматтарға науқастанулардың себепті байланысын белгілеу кезінде ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген иондандырушы сәулелену әсеріне байланысты науқастанулардың тізбесін, құқық қорғау органдарында қызмет өткеру туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қорғаныс министрліктерінің мұрағаттық деректерін басшылыққа алады.

Егер науқастанудың басталуын құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезеңіне жатқызуға болса көрсетілген кезеңде немесе олар апат салдарларын

жою бойынша жұмыстарды тоқтатқаннан кейін бес жыл ішінде созылмалы баяу үдемелі (жалпы соматикалық) науқастанулар кезінде осы Қағиданың 252-253-тармақтарында көрсетілген ӘДК қорытындылары шығарылады.

255. ӘДК-ның мынадай:

- 1) "Қызметтік міндеттерді орындау кезінде мертіккен";
- 2) "Майданда болумен байланысты науқастану";
- 3) "Жауынгерлік іс-қимылдар жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерді орындауға байланысты науқастану" деген қорытындысы "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңымен мәртебесі белгіленген құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматтарға шығарылады.

256. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысуға байланысты науқастанулардың, мертігулердің себепті байланысын белгілеу үшін ішкі істер органдарының штаттық ӘДК-сына қызмет өткергені туралы құжаттар, құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезеңінде науқастану, мертігу фактісін растайтын мұрағаттық құжаттар және құқық қорғау органдарында қызметтен босатылғаннан кейін ресімделген медициналық құжаттар ұсынылады.

257. ӘДК-ның мынадай:

- 1) "Қызметтік міндеттерді орындауға байланысты емес қайғылы оқиға нәтижесінде мертіккен (жараланған, жарақаттанған, контузия алған)" деген қорытындысы, егер мертігу қызметтік міндеттерді орындаумен байланысты болмаған жағдайларда, сондай-ақ егер ол қызметтік, әкімшілік, қылмыстық тергеу нәтижесінде құқық бұзушылық немесе қасақана жасау салдарынан маскүнемдік, уытқұмарлық, есірткіге мас болу жағдайында алынса, аталған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылмаса немесе оған қатысты қылмыстық іс тоқтатылса, құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамына немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматқа;

- 2) "Қызметтік міндеттерді орындаумен және құқық қорғау органдарындағы қызметпен байланысты емес науқастану" деген қорытындысы, егер ол куәландырылушыда құқық қорғау органдарына қызметке түскенге дейін туындаса және құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезеңінде куәландырылушының құқық қорғау органдарында қызметке жарамдылық санатын өзгертетін дәрежеге жетпесе шығарылады.

258. ӘДК-ның мынадай:

- 1) "Қызметтік міндеттерді орындау кезінде алынған қаза табуына (қайтыс болуына) әкеп соқтырған мертігу" деген қорытындысы, егер қызметтік

міндеттерді орындау кезінде немесе босатудан кейін бір жыл ішінде алынған мертігу салдарынан қаза табу (қайтыс болу) болса, құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматтарға;

2) "Құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезеңінде алынған қаза табуына (қайтыс болуына) әкеп соқтырған науқастану" деген қорытындысы, егер құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезеңінде немесе босатудан кейін бір жыл ішінде алынған науқастану салдарынан қаза табу (қайтыс болу) болса, құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматтарға;

3) "Қызметтік міндеттерді орындау кезінде алынған қаза табуына (қайтыс болуына) әкеп соқтырған науқастану" деген қорытындысы, егер ол өте қауіпті инфекциялық эпидемиялық ошағында болу уақытында жұқтыру кезінде науқастану, сондай-ақ осыған қатысты жеңілдіктер көзделетін (қылмыстық-атқару жүйесінің тікелей медициналық мекемелерінде жұмыс істейтін) және сотталған науқастармен тікелей қарым-қатынастары бар қызметкерлер туберкулезбен, ЖИТС-пен науқастану салдарынан қайтыс болса құқық қорғау органдарында қызмет өткерген немесе босатудан кейін бір жыл ішінде алынған науқастану салдарынан қаза табу (қайтыс болу) болса құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматтарға шығарылады.

259. ӘДК-ның "Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты қаза табуына (қайтыс болуына) әкеп соқтырған науқастану, мертігу" деген қорытындысы, егер құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезеңінде немесе босатудан кейін бір жыл ішінде алынған науқастану, мертігу салдарынан қаза табу (қайтыс болу) болса, құқық қорғау органдары қатардағы және басшылық құрамының адамдарына немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткерген азаматтарға шығарылады.

Қорытынды ережелер

260. Штаттық немесе штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК-ның қорытындысына жоғары тұрған штаттық ӘДК-ға шағымданады.

261. Штаттық ӘДК-ның қорытындысы сот тәртібімен шағымданады.

Әскери-дәрігерлік сараптаманы
жүргізу қағидасына
қосымша

Шақыру (жиын) пункттерінде медициналық куәландыру үшін қажет құралдың, медициналық және шаруашылық мүліктің тізбесі

Р/с №	Дәрігерлік-медициналық құралдар, бұйымдар мен аппараттар	Саны	Өлшем бірлігі
1	2	3	4
Антропометрия кабинеті			
1.	Медициналық таразы	1	дана
2.	Қол динамометрі (жалпысеріппелі)	2	дана
3.	Сантиметрге бөлінген өлшеу лентасы	1	дана
4.	Анатомиялық пинцет	2	дана
5.	Бой өлшегіш	1	дана
6.	Спирометр	1	дана
7.	Ұлғайтқыш шыны (лупа)	1	дана
8.	Сфигмоманометр	1	дана
9.	Стационарлық бактерицидті сәулелелеуіш	1	дана
10.	Наркотесттер (тек қана облыстық жиын пунктінде әскерлерге жөнелтілетін адам санына сәйкес)	-	-
Шығыс материалдары: спирт 96% – 100мл., медициналық қолғаптар – 50 жұп; мақта 100 гр.; құралдарды өңдеуге арналған дез. ерітінді, аспаптарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, шприц (бір реттік) 5,0 мл – 50 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана, аммиак – 5 мл., бөлме термометрі – 1 дана			
Терапевттің кабинеті			
11.	Стетофонендоскопы бар тонометр	2	жиынтық
12.	Медициналық термометр	3	дана
13.	Тілге арналған түзу екіжақты шпатель	5	дана
14.	Бүйректәрізді эмальданған леген	1	дана
15.	Медициналық кушетка	1	дана
16.	Үстел шамы	1	дана
17.	Стационарлық бактерицидті сәулелелеуіш	1	дана
18.	Кардиографқа арналған термоқағаз лентасы бар электрокардиограф, (тек облыстық қадағалау комиссиясында ғана)	1	жиынтық
Мақта 100 гр.; құралдарды өңдеуге арналған дез. ерітінді, аспаптарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана, аммиак – 5 мл.			
Хирургтың кабинеті			
19.	Стетофонендоскоп	1	дана
20.	Бұрышөлшеуіш	1	дана
21.	Сантиметрге бөлінген өлшеу лентасы	1	дана
22.	Медициналық кушетка	1	дана
23.	Стационарлық бактерицидті сәулелелеуіш	1	дана
Шығыс материалдары: спирт 96% – 100мл., медициналық қолғаптар – 50 жұп; мақта 100 гр.; құралдарды өңдеуге арналған дез. ерітінді, аспаптарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана			
Невропатологтың кабинеті			
24.	Неврологиялық балғаша	1	жиынтық
25.	Тілге арналған түзу екіжақты шпатель, жиынтық	5	дана
26.	Сантиметрге бөлінген өлшеу лентасы	1	дана
27.	Бүйректәрізді эмальданған леген	1	дана
28.	Медициналық қолшам (офтальмоскопия үшін)	1	дана

29.	Медициналық кушетка	1	дана
30.	Стационарлық бактерицидті сәулелелеуіш	1	дана
Шығыс материалдары: спирт 96% – 100мл., құралдарды өңдеуге арналған дез. ерітінді, аспаптарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана			
Психиатрдың кабинеті			
31.	Неврологиялық балғаша	1	жиынтық
32.	Медициналық қолшам (офтальмоскопия үшін)	1	дана
33.	Медициналық халат (немесе костюм)	2	дана
34.	Стационарлық бактерицидті сәулелелеуіш	1	дана
Оториноларингологтың кабинеті			
35.	Барани креслосы (тек облыстық қадағалау комиссиясында ғана)	1	дана
36.	Құлақ воронкалары № 1, 2, 3, 4	3	жиынтық
37.	Пневматикалық құлақ воронкасы	1	дана
38.	Бір жақты керендікті айқындаған кезде естуді зерттеу үшін құлақ тығыны	1	дана
39.	Көмей айнасы	2	дана
40.	Мұрын айнасы	15	дана
41.	Воячектің сүйір ұшты құлақ зонды	1	дана
42.	Түйметәрізді зонд	2	дана
43.	Мақта үшін бөлігі бар құлақ зонды	1	дана
44.	Қарапайым құлақ манометрі (отоманометр)	1	дана
45.	Қабырғасы бойынша иілген құлақ пинцеті	1	дана
46.	Мандай рефлекторы	1	дана
47.	Бүйректәрізді эмальданған легендер	2	дана
48.	Медициналық термометр	1	дана
49.	Құрғақ күйдіру шкафы (зарарсыздандырғыш)	1	дана
50.	Тілге арналған түзу екіжақты шпатель	15	дана
51.	Спирттік шам	1	дана
52.	Үстел шамы	1	дана
53.	Стационарлық бактерицидті сәулелелеуіш	1	дана
Шығыс материалдары: спирт 96% – 100мл., медициналық қолғаптар – 50 жұп; мақта 100 гр.; құралдарды өңдеуге арналған дез. ерітінді, аспаптарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, шприц (бір реттік) 5,0 мл – 50 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана			
Окулистің кабинеті			
54.	Қабак көтергіш үлкен	2	дана
55.	Скиаскопиялық сызғыш	2	дана
56.	Көзілдірік таңдауға арналған өлшеу сызғышы	1	дана
57.	Күнқағарлы бинокулярлық лупа	1	дана
58.	Поляктің оптотипі	1	дана
59.	Офтальмоскоп	1	дана
60.	Көзілдірік әйнектері	1	жиынтық
61.	Головин-Сивцев кестесі үшін жарықтандыратын аппарат	1	дана
62.	Офтальмологиялық шам	1	дана
63.	Көру өткірлігін айқындау үшін Головин-Сивцев кестесі	1	жиынтық
64.	Түсті көруді зерттеу үшін шектеу кестесі	1	жиынтық
65.	Төмендеген көруді сылтауратуды зерттейтін бақылау кестелері және Поляктің белгілері	1	жиынтық
66.	Бүйректәрізді эмальданған леген	2	дана
67.	Көз эластотометрі	1	дана

68.	Жас жолдарын жууға арналған екі ұшы доғал каниюлалы шприц	2	дана
69.	Үстел шамы	1	дана
70.	Медициналық қол шам (офтальмоскопия үшін)	1	дана
71.	Стационарлық бактерицидті сәулелетуіш	1	дана
Шығыс материалдары: спирт 96% – 100мл., медициналық қолғаптар – 50 жұп; мақта 100 гр.; құралдарды өңдеуге арналған дез. ерітінді, аспаптарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, шприц (бір реттік) 5,0 мл – 50 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана, көру өткірлігін диагностикалау үшін қолданылатын дәрілік препараттар			
Стоматологтың кабинеті			
72.	Тіс айнасы	25	дана
73.	Істік тәрізді түзу тіс зонды	3	дана
74.	Бұрышы иілген тіс зонды	25	дана
75.	Жалпы мақсаттағы анатомиялық пинцет	2	дана
76.	Стандартты емес иілген тіс пинцеті	10	дана
77.	Жарықтандыратын құрал	1	дана
78.	Стационарлық бактерицидті сәулелетуіш	1	дана
Шығыс материалдары: спирт 96% – 100мл., медициналық қолғаптар – 50 жұп; мақта 100 гр.; құралдарды өңдеуге арналған дез. ерітінді, аспаптарды өңдеуге арналған ыдыс – 2 дана, шприц (бір реттік) 5,0 мл – 50 дана, медициналық халат (немесе костюм) – 2 дана			

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 30 қаңтардағы
№ 44 қаулысымен
бекітілген

Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.07 № 1029 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы заңдарына сәйкес әзірленді, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама органдарының мәртебесін және өкілеттігін айқындайды.

2. Әскери-дәрігерлік сараптама органдары әскери-дәрігерлік сараптаманы

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, арнаулы мемлекеттік органдарда және құқық қорғау органдарында жүргізеді. Арнаулы мемлекеттік органдар үшін әскери-дәрігерлік сараптаманы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери-дәрігерлік сараптама органдары жүргізеді.

3. Әскери-дәрігерлік сараптама органдары – штаттық әскери-дәрігерлік комиссиялар, оларда әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша өз қарамағындағы штаттық емес (тұрақты және уақытша әрекет ететін) әскери-дәрігерлік (дәрігерлік) комиссиялары (бұдан әрі – ӘДК) және дәрігерлік-ұшқыштар комиссиялары (бұдан әрі – ДҰК) болады.

Әскери-дәрігерлік сараптама органдары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының ұйымдық-штаттық құрылымына сәйкес құрылады және қорғаныс, Қазақстан Республикасы ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары саласындағы орталық атқарушы органдар басқармасының құрамдас бөлігі болып табылады.

4. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарындағы, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама органдарының құрамы, жұмыс тәртібі мен құрылымы қорғаныс, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы орталық атқарушы органдарының және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштеріне жататын мемлекеттік органының бірінші басшыларының бұйрықтарымен айқындалады және бекітіледі.

5. Әскери-дәрігерлік сараптама органдары әскери-дәрігерлік сараптама мәселелерін қоспағанда, тиісті командирлерге (бастықтарға) бағынады және қорғаныс, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары саласындағы тиісті орталық атқарушы органдарда әскери-дәрігерлік сараптаманың ұйымдастырылуына жауап береді.

6. Штаттық ӘДК мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы (бұдан әрі – ҚР ҚМ ОӘДК), Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы жанындағы дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясы (бұдан әрі – ҚР ҚМ ОӘДК жанындағы ДҰК);

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы (бұдан әрі – ҚР ҰҚК ОӘДК);

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы (бұдан әрі – ҚР ІІМ ОӘДК);

4) ішкі істер департаменттерінің әскери-дәрігерлік комиссиялары (бұдан әрі – ПД ӘДК);

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери-дәрігерлік комиссиясы (бұдан әрі – ҚР ҰҚК ШҚ ӘДК);

6) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің әскери-дәрігерлік комиссиясы (бұдан әрі – ҚР ІМ ІӘ ӘДК).

7. Штаттық ӘДК ұйымдық-құқықтық нысанында:

1) Қазақстан Республикасының қорғаныс саласындағы орталық атқарушы органының әскери-дәрігерлік сараптама орталығы мәртебесі бар "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы" мемлекеттік мекемесі;

2) Қазақстан Республикасының ішкі істер орталық атқарушы органы орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы орталық мемлекеттік органы орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері;

Штаттық ӘДК-ның Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, атауы мемлекеттік тілде жазылған белгіленген үлгідегі мөрі, мөртаңбалары мен бланкілері болады.

8. ҚР ҰҚК ОӘДК құрамында психофизиологиялық лаборатория болады.

9. ПД-нің штаттық ӘДК құрамы ҚР ІМ ОӘДК төрағасымен келісіледі. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының әскери-дәрігерлік комиссиялары құрамында психофизиологиялық лаборатория (топ) болады.

10. Әскери-дәрігерлік сараптаманың басшылық органдары: ҚР ҚМ ОӘДК, ҚР ҰҚК ОӘДК, ҚР ІМ ОӘДК. Олардың әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдарын және нұсқауларын барлық штаттық және штаттық емес (тұрақты және уақытша әрекет ететін) ӘДК және ДҰК қолдануға міндетті.

11. Штаттық емес ӘДК (ДҰК) гарнизондарда, әскери-медициналық мекемелерде, Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарында, әскери-медициналық мекемелерде және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары әскери-медициналық бөлімшелерінде, арнаулы мемлекеттік органдардың оқу орындарында, құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында құрылады.

12. Штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК (ДҰК) әскери қызметшілерді; әскери (арнайы) оқу орындарына түсетін азаматтарды; келісімшарт бойынша әскери қызметке түсетін азаматтарды; әскерге шақыру бойынша әскери қызметке шақырылатын (айқындалатын) запастағы офицерлерді; келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің отбасы мүшелерін; мемлекеттік

авиацияның авиациялық персоналы әскери қызметшілерін; әскери бөлімдерге толықтыруға келгендерді; запастағы әскери міндеттілерді медициналық куәландыру үшін құрылады.

Штаттық емес тұрақты әрекет ететін ӘДК (ДҰК), дәрігерлік және санаторлық-іріктеу комиссиялары ҚР ҚМ ОӘДК, ҚР ҰҚК ОӘДК бастықтарымен (төрағаларымен) келісу бойынша жыл сайын өз бұйрықтарымен сәйкес лауазымды адамдармен тағайындалады.

13. Штаттық емес уақытша әрекет ететін ӘДК (ДҰК) әскери (арнайы) оқу орындарына және құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына түсетін кандидаттарды; толықтыруға келгендерді оларды әскери бөлімдер мен бөлімшелерге бөлу кезінде; сондай-ақ әскери-есептік мамандықтар бойынша оқыту (әскери қызмет өткеру) үшін кандидаттарды түпкілікті іріктеуде медициналық куәландыру үшін құрылады.

14. Арнаулы мемлекеттік органдардың штаттық емес уақытша әрекет ететін ӘДК құрамы ҚР ҰҚК ОӘДК төрағасы жасақталады және ҚР ҰҚК Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының штаттық емес уақытша әрекет ететін ӘДК құрамы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының штаттық аумақтық ӘДК төрағасының келісімінен кейін білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен бекітіледі.

2. Әскери-дәрігерлік сараптама органдарының қызметін ұйымдастыру

15. Әскери-дәрігерлік сараптама органдарының жүйесі бағыныстылық тәртібі бойынша өкілеттіктері шегінде былай құрылады:

1) әскери-дәрігерлік сараптаманың басшылық органдары: ҚР ҚМ ОӘДК, ҚР ҰҚК ОӘДК, ҚР ПМ ОӘДК;

2) өз өкілеттігі шегінде бағынысты штаттық және штаттық емес (тұрақты және уақытша әрекет ететін) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ӘДК-сы және ДҰК-ы, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының ӘДК-сы:

ҚР ҚМ ОӘДК жанындағы дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясы, ҚР ҰҚК ШҚ ӘДК, ҚР ҰҚК штаттық емес госпитальдық және гарнизондық ӘДК; ҚР ҰҚК уақытша әрекет ететін ӘДК-сы; Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының ӘДК-сы; ҚР ҚК Әуе қорғанысы күштері авиациялық медицина зертханасының ДҰК-ы; ішкі істер департаменттерінің ӘДК; ҚР ПМ ІӘ ӘДК-сы; құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарының УӘДК; госпитальдық ӘДК; авиациялық персоналды дәрігерлік-ұшқыштар сараптау бөлімшелері бар әскери-медициналық мекемелердің госпитальдық ДҰК; гарнизондық ӘДК;

қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің жанындағы ӘДК (ДҰК); Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының авиациялық персоналын даярлау жөніндегі әскери (арнайы) оқу орындарының ДҰК-ы; жоғарыдан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына; орта техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына; оқу орындарының әскери факультеттеріне; әскери даярлық бойынша қосымша білім беру бағдарламалары бар жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарына түсетін кандидаттарды медициналық куәландыру үшін ӘДК; Аэроұтқыр әскерлерінің ӘДК-сы; Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштерінің ӘДК-сы; Әскери-теңіз күштерінің сүңгуірлерін медициналық куәландыру үшін ӘДК; танктер мен басқа да машиналарды суастында жүргізуге тартылатын әскери қызметшілерді медициналық куәландыру үшін ӘДК; радиоактивтік заттармен, иондаушы сәулелену көздерімен, зымыран отыны компоненттерімен, электр-магниттік өріс көздерімен жұмыс істейтін әскери қызметшілерді медициналық куәландыру үшін ӘДК; шақыру учаскелеріне тіркеу, әскери қызметке (әскери жиындарға) шақыру және әскери (арнайы) оқу орындарына, оқу орындарының әскери факультеттеріне (кафедраларына) және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі қосымша әскери дайындық бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсу кезінде азаматтарға медициналық куәландыру жүргізетін қорғаныс істері жөніндегі департаменттер, басқармалар (бөлімдер) жанындағы медициналық комиссиялар.

16. Штаттық және штаттық емес ӘДК және ДҰК қорытындылары, егер осы қорытындыларда өзгелер айтылмаса, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында және арнаулы мемлекеттік органдарында медициналық куәландырылған сәттен бастап бір жыл бойы, ал Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында – алты ай бойы жарамды.

17. Штаттық және штаттық емес (тұрақты және уақытша әрекет ететін) ӘДК (ДҰК) қорытындылары әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қаралады және бекітіледі және ӘДК (ДҰК) мүшелерінің көп дауысымен алқалы түрде қабылданады. ӘДК (ДҰК) қорытындылары барлық лауазымды және заңды тұлғалар орындау үшін міндетті болып табылады.

18. Әскери-дәрігерлік сараптама органдарының сарапшы-мамандарының лауазымдарына жоғары әскери-медициналық (медициналық) білімі, маман сертификаты бар, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың және өзге де орталық мемлекеттік органдардың әскери-медициналық (медициналық) мекемелерінде (ұйымдарында) клиникалық және (немесе) сараптама жұмысында

тәжірибесі бар адамдар тағайындалады.

19. Әскери-медициналық (медициналық) мекеме (ұйым) немесе өзге де орталық атқарушы органдар бөлімшесінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың басшысы штаттық емес (тұрақты және уақытша әрекет ететін) ӘДК және ДҰК қызметкерлеріне, олардың қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасайды (жеке үй-жай, телефон, заңнамалық-анықтамалық материалдармен, медициналық және басқа да қажетті әдебиеттермен, техникалық құралдармен қамтамасыз ету).

3. Әскери-дәрігерлік сараптама органдарының міндеттері

20. Әскери-дәрігерлік сараптама органдары:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында және мемлекеттік авиацияда қызмет ету үшін адамдар денсаулық жағдайының сәйкес келуіне қойылатын талаптарға сәйкес медициналық куәландыру жүргізу;

3) әскери және ведомстволық емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тексеру толықтығын және сапасын, емделу негізділігі мен уақтылығын қадағалау;

4) дәрігерлік-сараптамалық қортындылардың негізділігін қадағалау;

5) денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын және зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша өзара іс-қимыл;

6) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға қатысу болып табылады.

4. Әскери-дәрігерлік сараптама органдарының функциялары

21. Әскери-дәрігерлік сараптама органдары:

1) ҚР ҚК, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының төмен тұрған штаттық және штаттық емес (тұрақты және уақытша жұмыс істейтін) ӘДК (ДҰК) қорытындыларын қарайды және бекітеді (бекітпейді) немесе жояды;

2) оларға қолбасшылық немесе медициналық куәландыруға түскен адамдар

шағымданған кезде өзінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының төмен тұрған штаттық және штаттық емес (тұрақты және уақытша жұмыс істейтін) ӘДК-ны және ДҰК-ны бақылау тәртібінде әскери-дәрігерлік сараптама қорытындыларын қайта қарайды және қабылдайды;

3) әскери қызмет немесе Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында қызмет, әскери жиындар өткеруіне (міндеттерін орындауға) байланысты азаматтарда мертігулердің (жараланулардың, жарақаттанулардың, контузия алудың), науқастанулардың, қаза табуының (қайтыс болуының) себепті байланысы туралы өзінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының төмен тұрған штаттық және штаттық емес (тұрақты және уақытша әрекет ететін) ӘДК қорытындыларын қайта қарайды;

4) ҚР ҚК-нің, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының төмен тұрған штаттық және штаттық емес (тұрақты және уақытша әрекет ететін) ӘДК (ДҰК) әскери-дәрігерлік сараптаманың және сараптамалық әрекеттің жай-күйін талдайды;

5) әскери-дәрігерлік сараптама нәтижелері бойынша әскери-медициналық (медициналық) мекемелердегі (ұйымдардағы) және өзге де орталық атқарушы органдардың бөлімшелеріндегі және өзге де орталық мемлекеттік органдарындағы емдеу-алдын алу жұмысының жай-күйін және медициналық куәландыруды ұйымдастырудағы кемшіліктерді айқындайды;

6) қорғаныс істері жөніндегі департаменттердегі (бөлімдердегі, басқармалардағы) шақыру учаскелеріне тіркеу және әскери қызметке шақыру кезінде, келісімшарт бойынша әскери қызметке, әскери (арнайы) оқу орындарына түскен кезде азаматтарды, әскери міндеттілерді медициналық куәландыруды ұйымдастыруды, оның жай-күйі мен нәтижелерін зерделейді;

7) қорғаныс, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары саласындағы орталық атқарушы органдарда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының төмен тұрған штаттық және штаттық емес (тұрақты және уақытша әрекет ететін) ӘДК-ға және ДҰК-на осы Ережені, әскери-дәрігерлік сараптама бойынша нормативтік құқықтық құжаттарды және әскери-дәрігерлік сараптаманың басқа да мәселелері бойынша іс жүзінде қолдану жөнінде нұсқаулар, түсініктемелер береді;

8) ӘДС ұйымдастыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, Қазақстан

Республикасы ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының төмен тұрған штаттық және штаттық емес (тұрақты және уақытша әрекет ететін) ӘДК және ДҰК қызметкерлеріне нұсқаулар береді;

9) әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін, әскери міндеттілерді, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін әскери-медициналық (медициналық) мекемелерге (ұйымдарға) және өзге де орталық атқарушы органдардың және өзге де орталық мемлекеттік органдарының бөлімшелеріне стационарлық немесе амбулаторлық тексеруге және медициналық куәландыруға бағыттайды;

10) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының бағынысты штаттық және штаттық емес (тұрақты және уақытша әрекет ететін) ӘДК-дан және ДҰК-нан, әскери-медициналық (медициналық) мекемелерден (ұйымдардан) және өзге де орталық атқарушы органдардың және өзге де мемлекеттік орталық органдарының бөлімшелерінен, әскери бөлімдер мен мекемелерден сараптама қорытындыларын шығаруға қажетті құжаттарды сұратады;

11) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша кеңестер, қорытындылар, анықтамалар береді;

12) денсаулық сақтау саласында сараптамалар жүргізуді бақылауды жүзеге асыру кезінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның комиссиясы құрамында оның қызметіне қатысады;

13) әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша норма жасау қызметіне қатысады;

14) әскери-медициналық (медициналық) мекемелердің (ұйымдардың) қызметін ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органдарының және өзге де орталық мемлекеттік органдары құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен келісу бойынша нормативтік құқықтық актілердің және басқа да құжаттардың жобаларын дайындау үшін, сондай-ақ жүктелген міндеттерге сәйкес жүргізілетін ӘДС жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру үшін әскери-медициналық қызметтің мамандарын тартады;

15) әскери-дәрігерлік сараптама бойынша мәселелерді сотта және басқа да мемлекеттік органдарда қарастырған кезде мемлекеттік мекемелердің өкілі болады.

5. ӘДС органдарын қайта ұйымдастыру және тарату

22. ӘДС органдарын қайта ұйымдастыру, тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК